

## Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	25.03 Риски КАЗ на проверку.doc
Автор:	Ермат А., Тұтқабай А.,Заманбек Құралай
Координатор:	Гульмира Муханова
Дата отчета:	2019-04-26 09:58:14
Кoeffициент подобия № 1:	<b>2,6%</b>
Кoeffициент подобия № 2:	<b>0,7%</b>
Длина фразы для коoeffициента подобия № 2:	25
Количество слов:	21 948
Число знаков:	188 257
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	19



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.  
Количество выделенных слов 3

### >> Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	Документ из базы НЭУ 54488b3a-c2a8-4dbc-9a21-06d9c0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	66
2	Документ из базы НЭУ 54488b3a-c2a8-4dbc-9a21-06d9c0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	39
3	Документ из базы НЭУ 51d3ca63-0e34-493f-bc3e-0738c0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	30
4	Документ из базы НЭУ 54488b3a-c2a8-4dbc-9a21-06d9c0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	27
5	Документ из базы НЭУ 54488b3a-c2a8-4dbc-9a21-06d9c0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	13
6	Документ из базы НЭУ 54488b3a-c2a8-4dbc-9a21-06d9c0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	11
7	Депозиттік операциялардың есебін, аудитін және талдауын ұйымдастыру NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Жусупова А.А.	10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5B050900 – Қаржы мамандығының студенттері Ермат Ақгүл, Тұтқабай Аружан, Заманбек Құралайдың «Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ  
ПІКІРІ**

Тәуекел банктің берген несиелері бойынша төлемсіздік туындаған жағдайларда, ресурстық базасы жеткіліксіз болғанда, жалпы міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі азайған жағдайларда пайдасынан айырылып қалу ықтималдығын бейнелейді. Дей тұрғанымен, қаншалықты тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым банктің жоғары мөлшерде пайда табуы да мүмкін емес болады. Сондықтан да кез келген кәсіпкер, соның ішінде банк менеджерлері басқару шешімдерін қабылдау барысында табыс пен тәуекел деңгейінің оңтайлы қатынасына мән беруге тиіс.

Жұмыстың бірінші бөлімінде Банктік тәуекелдердің экономикалық мәні мен оларды талдау мен басқарудың теориялық негіздері берілген.

Талдамалық бөлімде «Цесна банк» АҚ материалдары негізінде тәуекелдерді бағалау және басқару тәжірибиесін талдау жасалды.

Жұмыстың үшінші бөлімінде Екінші деңгейлі банктерде тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары ұсынылған.

Жұмыс логикалық жалғасымы бар аяқталған жұмыс деп айтуға болады.

Дипломанттар дипломдық жобаны жазу барысында барынша жауапкершілікпен, ізденімпаздықпен қарап, берілген тапсырмаларды дер кезінде орындап, берілген уақытқа сай өзбетінше орындап шықты.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «Қазақстанда инновациялық банктік қызметтердің дамуы» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (90%) деп бағалауға болады

**Пікір беруші**

Э.ғ.к., «ҚЖЕ» кафедрасының проф. ассистенті

(лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)

Сакибаева Қ.С.

« 24 » 04 2018 ж.

ҚазҰТЗУ 704-21 Ү. Пікір

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5В050900 – Қаржы мамандығының студенттері Ермат Ақгүл, Тұтқабай Аружан,  
Заманбек Құралайдын  
«Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына  
жазылған дипломдық жобасына

**СЫН-ПІКІР**

Өзірленген:

- а) графикалық бөлімі 5 - парақ
- б) түсіндірме жазбасы 59 бетте

**ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ**

Тәуекел банктің берген несиелері бойынша төлемсіздік туындаған жағдайларда, ресурстық базасы жеткіліксіз болғанда, жалпы міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі азайған жағдайларда пайдасынан айырылып қалу ықтималдығын бейнелейді. Дей тұрғанымен, қаншалықты тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым банктің жоғары мөлшерде пайда табуы да мүмкін емес болады. Сондықтан да, банк менеджерлері басқару шешімдерін қабылдау барысында табыс пен тәуекел деңгейінің оңтайлы қатынасына мән беруге тиіс.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өзбетінше жүргізілген ғылыми жұмыс деп айтуға тұрады.

Әсіресе, дипломанттардың «Цесна банк» АҚ-ның қаржылық жағдайын жан-жақты талдап, банктік тәуекелдерін, оның ішінде өтімділік пен несие тәуекелін айқындап, оларды басқару әдістерін беруі жан-жақты ашылған.

Жұмыста банк тәуекелдерін бағалауды, басқаруды және төмендетуді жетілдірудің бірнеше мүмкін стратегия нұсқаларын беріп, корпоративтік басқару төңірегіндегі тәуекелдерді басқару процессінің алгоритмі ұсынылған.

Қарастырылып отырған дипломдық жұмыста стилистикалық қателіктер кездеседі, дегенмен бұл жұмыстың ғылыми құндылығын түсірмейді.

**Жұмыс бағасы**

«Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялау комиссияның алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы» (92%) деп бағалауға болады

**Пікір беруші**

Каспий Қоғамдық Университеті, Экономика және басқару Жоғары мектебі,  
«Қаржы және есеп» кафедрасының менгерушісі, э.ғ.к., асоц. профессор.

Лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)

Гумар Н.А.

2019 ж.



ҚазҰТЗУ 704-22 Ү.Сын-пікір

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Ермат Ақгүл,  
Тұтқабай Аружан,  
Заманбек Құралай

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

«Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

5В050900-Қаржы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

« 23 » 04 2019 ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

5B050900-Қаржы

Орындаған: Ермат Ақгүл,  
Тұтқабай Аружан,  
Заманбек Құралай

Пікір беруші

экон.ғыл.кандидаты, ассоц. проф

Н.А. Гумар

« 23 » 04 2019 ж.

Ғылыми жетекші

экон.ғыл.канд., асс. профессор

Қ.С. Сакибаева

« 23 » 04 2019 ж.



Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050900-Қаржы

**БЕКІТЕМІН**

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

«14» сәу 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған  
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Ермат Ақгүл, Тұтқабай Аружан, Заманбек Құралай

Тақырыбы: «Банктік тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген  
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Есеп-түсініктеме жазбаның  
талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жобаның  
мазмұны

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

1) Банктік тәуекелдердің экономикалық мәні мен оларды талдау мен  
басқарудың теориялық негіздерін беру;

2) «Цесна банк» АҚ материалдары негізінде тәуекелдерді бағалау және  
басқару тәжірбиесін талдау;

3) Екінші деңгейлі банктерде тәуекелдерді басқаруды жетілдіру  
жолдарын ұсыну;


Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)  
5 кесте, 22 сурет, 27-жұмыс презентациясының слайды.


Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 35 атау

Дипломдық жоба дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Банктік тәуекелдердің экономикалық мәні мен оларды талдау мен басқарудың теориялық негіздері	20. 02. 2019	орындағым
2) «Цесна банк» АҚ материалдары негізінде тәуекелдерді бағалау және басқару тәжірбиесін талдау	19. 03. 2019	орындағым
3) Екінші деңгейлі банктерде тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары	3. 04. 2019	орындағым

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	Г.С. Муханова	23 04 2019	

Ғылыми жетекшісі:  Сакибаева Құралай Сарсембайқызы

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Ермат Ақгүл, Тұтқабай Аружан,  
Заманбек Құралай

Күні « 23 » 04 2019 ж.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Банктік тәуекелдер: мәні, пайда болу көздері мен себептері.....	5
1.2 Банктік тәуекелдерді басқару қажеттілігі.....	14
2 АҚ «ЦЕСНА БАНК» МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ	
2.1 «Цесна Банк» АҚ экономикалық сипаттамасы.....	23
2.2 «Цесна Банк» АҚ өтімділік тәуекелін басқару негізін талдау.....	29
2.3 «Цесна Банк» АҚ несиелік тәуекелді бағалау.....	35
3 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	
3.1 Банк тәуекелдерін бағалауды, басқаруды және төмендетуді жетілдіру.....	42
3.2 Коммерциялық банктер қызметіндегі тәуекел – менеджментті ары қарай дамыту жолдары.....	49
ҚОРЫТЫНДЫ.....	57
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	59
ҚОСЫМШАЛАР	



## КІРІСПЕ

Тәуекел адам іс-әрекетінің кез-келген саласында көрініс табатын объективті оқиға болып табылады. Ол кәсіпкерліктің барлық саласында кездесетін көп аспектілі категория. Өзінің табиғаты бойынша тәуекел жағымсыз оқиғаның болуымен сипатталады. Яғни, тәуекелге ұшырау барысында кәсіпорын экономикалық немесе басқа да шығындарды шегеді. Кез келген қызмет түрінде тәуекелділіктің белгілі бір бөлігі болды. Сол сияқты банктер де тәуекелсіз жұмыс жасай алмайды.

Банктерге банктік қызметтер нарығында тұрақты жағдайды сақтап тұру үшін және банкроттықтан қашу үшін, тәуекелдерді басқарудың тиімді әдістерін және құралдарын іздеп, қолданулары қажет. Банктердегі жиі кездесетін нақтылы тәуекелдердің түрлері банк қызметінің нәтижесін анықтайды. Коммерциялық банктер қызметі салаларының ұлғаюы оларға кездесетін тәуекелдердің саны мен түрлеріне тығыз байланысты. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы банктік жүйесін қайта қалыптастыруда ең өзекті мәселе болып - жеке және заңды тұлғалардың, жалпы қоғамның банктік жүйеге деген сенімділіктерін жоғарылату және банктік тәуекелдерді барынша азайту бойынша зерттеулер жүргізу табылады.

**Тақырыптың өзектілігі.** Кез келген кәсіпкерлік іс тәуекелділікпен байланысты, әсіресе банктер үшін тәуекелді басқарудың маңызы жоғары болып келеді. Өйткені, банктер нарықтағы конъюнктуралық өзгерістерді бірден қабылдайтын сегмент. Бүгінгі таңда банктер операциялардың көптеген жаңа түрлерін атқаруда. Ол операциялардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде тәуекелділікпен байланысты болып келеді. Осы шешімдерді өз мойнына алу банк ісінің негізі болып табылады. Тәуекелділіктер міндетті түрде реттелуі керек және банктің қаржылық мүмкіндігінің шегінде орналасуы керек. Осы мақсаттарға жету үшін банктер тарапынан тәуекелдерді басқарудың саясаты қалыптастырылады.

Нарықтық жағдайда банктік тәуекелділіктер жоғары деңгейде болады. Сондықтан банктер қосымша капиталды қажет етеді. Банктік қызметтер тәуекелсіз жүруі мүмкін емес, өйткені банктің кез-келген операциясы тәуекелділікпен байланысты болып келеді. Банк ісінің тарихында тәуекелдерді дұрыс басқармауына байланысты көптеген банктердің банкроттыққа ұшырағанына көз жеткізуге болады.

**Дипломдық жобаның мақсаты.** Дипломдық жобаны жазу барысында мен келесідей мақсатқа жетуді көздедім. Банктік тәуекелдердің теориясына талдау жасай отырып, олардың түрлерін, оларды бағалаудың әдістері мен тәсілдерін, сол сияқты олардың Қазақстанның банктік жүйесінде қолданылуы мен басқарылуының теориялық аспектілерін анықтау және тәуекелдерді басқаруда шетелдік тәжірибе мен отандық тәжірибені салыстыра отырып, коммерциялық банктер үшін тәуекелді басқарудың жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады.

**Дипломдық жобаның негізгі мақсаты** – банктік тәуекелділіктер

аясында банктік менеджменттің ең тиімді құралдары мен әдістерін ұсыну болып табылады. Және осы мақсаттың жүзеге асуына байланысты тәуекелдердің пайда болу факторларын анықтау, Қазақстанның бүгінгі экономикалық жағдайында тәуекелдерді басқару әдісін анықтау, шетелдегі банктердің тәуекелдерді басқаруына талдау жасау, отандық және шетелдегі банктік тәуекелдерді басқару тәжірибелерінің негізінде біздің экономикаға қолайлы басқару әдістерін анықтау.

Бұл мақсатқа жету үшін келесідей **міндеттер** қарастырылды:

- банктік тәуекелдердің табиғаты мен пайда болу алғышарттарын, олардың теориялық негізін және басқарудың негізгі жолдарын зерттеу;
- шетел банктерінің тәжірибесінен банктік тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістерін анықтап, Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріндегі олардың қолданылуына талдау жасау;
- Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің іс-әрекетінде кездесетін тәуекелдердің түрлерін анықтап, оларға талдау жасау және оларды бағалау мен басқару әдістерін анықтау.

**Дипломдық жобаның негізгі объектісі**– Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде кездесетін тәуекелділіктер және олардың пайда болу ықтималдығы.

**Дипломдық жобаны жазуда теориялық – методологиялық негіз** ретінде шетел, Ресей мен Қазақстанның алдыңғы қатарлы ғалым-экономистерінің қарыз алушылардың несиелік қабілетін анықтау және оны бағалау әдістерінің мәселелері туралы ғылыми еңбектері мен монографиялары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының құқықтық-нормативтік құжаттары қолданылды.

**Дипломдық жобаның құрылымы.** Дипломдық жоба кіріспеден, қорытындыдан және өзара байланысты үш ірі тараудан тұрады.

Кіріспе бөлімінде дипломдық жобаны таңдаудағы көздеген мақсатымыз тақырыптың өзектілігі, зерттеу объектісі және жобаның жалпы құрылымы берілген. Бірінші тарауда банктік тәуекелдерді басқарудың теориялық аспектілеріне аса маңызды көңіл бөлінген. Мұнда тәуекелділіктің табиғаты, оның банк тәжірибесінде алатын орны, пайда болу себептері және оларға әсер ететін факторлар толығымен ашылған. Ал екінші тарауда негізгі мәселе болып банктік тәуекелдерді басқару қарастырылады. Қазақстандық банктердің тәжірибесінде несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі жиі кездесетін болғандықтан, бұл бөлімде негізінен осы аталып кеткен тәуекелдерді басқаруға көп көңіл бөлінді.

Үшінші тарауда тәуекелдерді басқарудың шетелдік және отандық тәжірибесі көрсетіліп, солардың негізінде Қазақстандағы банктер үшін тәуекелді басқарудың қолайлы әдісі анықталып, оны жетілдіру жолдары ұсынылды.

# 1 Банктік тәуекелдердің экономикалық мәні және оларды талдау мен басқарудың теориялық негіздері

## 1.1 Банктік тәуекелдер: мәні, пайда болу көздері мен себептері

Тәуекел гректің *ridskon*, *ridsa*, италиянның «*risiko*» және француздың тілінде «*risque*» қазақша «қауіп», «қатер» деген мағына береді. Ал латынша «*rescum*» сөзінің аудармасы болжанбайтын, қауіпті немесе бүлдіретін нәрселердің бірін білдіреді.

Тәуекел – кез келген өндірушінің, соның ішінде банктің болжаусыз қолайсыз жағдайлардың салдарынан зиян шегуін сипаттайды.

Банк менеджерлері пайда табуды тәуекелмен байланысты әрекеттер жасаудың салдары ретінде қарамайды. Тәуекел мен шығын, бір жағынан алғанда банктік пайда алуы мүмкіндігіне қарама-қайшылық жасаса, екінші жағынан пайданың пайда болу табиғаты мен тәуекелдің пайда болуы табиғаты арасында айырмашылықтың барлығына көңіл аударуды қажет санайды.

Банк үшін тәуекелді басқару ең маңызды мәселелердің бірі болып келетінін айтып кеткен жөн. Өйткені кез келген банктің қалыптасу процесінен бастап бүкіл қызмет ету уақытында банктің іс-әрекеті көптеген тәуекелдерге тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан банктің болашақта банкроттыққа ұшырауы немесе ұшырамауы банктің тәуекелді басқаруымен байланысты. Банк ісінде тәуекел деп банктің табысы мен капиталына кері әсер ететін оқиғалардың болу ықтималдылығын айтамыз.

Тәуекел жағымсыз оқиғаның болу ықтималдығымен сипатталады. Бұл оқиғаларға мыналар жатады: табыстың төмендеуі, берілген несиелердің қайтарылмауына байланысты шығындардың пайда болуы, базалық ресурстардың азаюы, баланстан тыс операциялар бойынша төлемдердің төленбеуі және тағы басқалары. Бірақ банктік тәуекел деңгейі қаншалықты төмен болса, жоғары табыс алу ықтималдығы да соншалықты төмен болады. Сондықтан кез келген банк өзінің қаражаттарын табысы жоғары және тәуекел деңгейі төмен іс-әрекеттерге жұмсауға тырысады [1, б.132].

Тәуекел банктің берген несиелері бойынша төлемсіздік туындаған жағдайларда, ресурстық базасы жеткіліксіз болғанда, жалпы міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі азайған жағдайларда пайдасынан айырылып қалу ықтималдығын бейнелейді. Дей тұрғанымен, қаншалықты тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым банктің жоғары мөлшерде пайда табуы да мүмкін емес болады. Сондықтан да кез келген кәсіпкер, соның ішінде банк менеджерлері басқару шешімдерін қабылдау барысында табыс пен тәуекел деңгейінің оңтайлы қатынасына мән беруге тиіс.

Банк үшін тәуекелдің сандық бейнеленуі банктің алға қойған шараларды жүзеге асырудың тәуекелділігінен шығынға ұшырауын және тәуекел саласындағы банктің стратегиясының сапасын көрсетеді.


Банктік тәуекел – бұл активтерді жоғалту ықтималдылығының пайда

болуы, жоспарланған кірістің алынбай қалуы немесе банкпен қаржылық операцияларды орындау барысында ескерілмеген шығындардың орын алу қауіпінің пайда болуы болып табылады.

Тәуекелділіктің тұжырымдамасы адамзатқа ежелден-ақ таныс. Өйткені тәуекел біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болып келеді. Тәуекел деп оқиғаның болу немесе болмау мүмкіндігін жүз проценттік нақтылықпен болжай алмауын айтамыз [2, б.98].

Банктік тәуекелдің анықтамасы қазіргі таңда өте көп. Сондай – ақ отандық экономикалық әдебеттерде банктік тәуекелдің көптеген анықтамаларын кездестіруге болады, бірақ ол анықтамалардың мәндерін жинақтағанда жоғарыдағы анықтамаға жетуге болады. Айта кету керек, ақпаратты жинау мен талдау банктік тәуекелді бағалауда маңызды роль атқарады. Өйткені осы этаптан кейін ғана банктің потенциалдық зияндары мен тәуекелді өлшеуге алып келетін факторларды анықтауға немесе шығаруға болады.

Банктің басқармасы тәуекелділіктің пайда болу көздеріне және пайда болу себептеріне аса маңызды көңіл бөледі (1-сурет).



1-сурет - Банктік тәуекелдердің пайда болу көздері  
*Ескерту: автормен жасақталған*

1. Нарықтық тәуекел деп әр түрлі активтер құнының өзгеруіне тәуелді қаржылық жағдайды айтамыз. Ол мыналардан тұрады:

а) Проценттік тәуекел – ағымдағы проценттік тәуекелділіктің өзгеруімен байланысты тәуекелділіктің түрі.

б) Валюталық тәуекел – валюта бағамының өзгеруімен байланысты

тәуекелділіктің түрі.

с) Инвестициялық тәуекел – қор нарығындағы өзгерістермен байланысты тәуекелділіктің түрі.

2. Контрагент тәуекелі немесе несиелік тәуекел – контрагенттің өз міндеттемелерін орындамауына немесе берілген несиені қайтармауына байланысты тәуекелді айтамыз.


3. Басқару немесе менеджмент тәуекелі. Ол мыналардан тұрады:

а) Оперативтік тәуекел – банктің кейбір функцияларымен байланысты тәуекелді айтамыз. Оларға мыналар жатады: банктің ұйымдастырушылық құрылымы, ақпараттық және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілу дәрежесі, кадрлардың мамандану деңгейі, банктің өз қызметін жедел және нақты орындау қабілеті.

б) Стратегиялық тәуекел – банк қызметінің дұрыс ұйымдаспауымен немесе жіберілген қателермен байланысты тәуекелділіктің түрі. Олар: шешім қабылдау үшін ақпараттық базаның жеткіліксіздігі, қаржы нарығының математикалық модельдерінің сапасының төмен болуы, болжау және жоспарлау әдістемелерінің толық еместігі.

Банк өз қызметі барысында көптеген тәуекел түрлерін кездестіреді. Ол тәуекелдер пайда болу уақыты мен жеріне, оның деңгейіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар жиынтығына және де оларды бағалау әдістері мен сипаттамаларына қарай ерекшеленеді [3, б.128].

Пайда болу факторларына байланысты банк тәуекелдерінің жіктелуі 2-суретте берілген.



2-сурет - Пайда болу факторларына байланысты банк тәуекелдерінің жіктелуі

*Ескерту: автормен жасақталған*

Банк клиенттерінің қызметінің спецификасына байланысты туындайтын тәуекелдер ең алдымен клиенттердің қай салада қызмет етуіне байланысты пайда болады.


Банктік операциялардың түрі немесе ерекшелігіне байланысты тәуекелдер активті және пассивті операциялар тәуекелдеріне жіктеледі. Жалпы потенциалды банктік тәуекелдерді келесідей жіктеуге болады (3-сурет)



3-сурет - Потенциалды банктік тәуекелдер  
 Ескерту: автормен жасақталған

Тәуекел дәңгейіне әсер ететін факторларды ішкі және сыртқы деп екіге бөлуге болады (4-сурет).

Жоғарыда келтірілген факторлар келесі жиі кездесетін банктік тәуекелдердің пайда болуына себеп бола алады [4, б.51]:



4-сурет – Банктік тәуекел деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар  
*Ескерту: автормен жасақталған*

Абишев А. А. редакциялауымен жазылған қаржылық-экономикалық

сөздікте несиелік тәуекел қарыз алушының негізгі қарызды және кредиторға тиесілі пайыздарды өтемеу тәуекелі ретінде көрсетілген. [5, б. 297].

26 ақпан 2016 ж. №26 «Екінші деңгейлі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ҰБ Ережесіне сәйкес «несиелік тәуекел қарыз алушы немесе контрагенттің келісілген шарттарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамау нәтижесінде пайда болатын жоғалтулардың болу ықтималдылығы» деп түсіндіріледі [6].

Ресейлік автор Нестренко А. А. несиелік тәуекелді «әртүрлі тәуекел тудырушы факторлар әсерімен негізделген берілген қарыз құны қозғалысы тұтастығың бұзылуы нәтижесінде пайда болатын негізгі қарыз бен қарыз бойынша пайыздың жоғалу мүмкіндігі» деп қарастырады. [7, б.128].

Жарковская Е. П. «серіктестің келісімшартқа сәйкес әрекет ету қабілетсіздігі немесе әрекетсіздігінен туындаған несие тәуекелі банктер қызметінде кездесетін негізгі тәуекел болып табылады» деп есептейді [8, б.355].

Батракова Л. Г. Несиелік тәуекелге келесідей анықтама береді: «қарыз алушының өз қарызын және сол бойынша пайыздарды өтеу қабілетсіздігі нәтижесінде мүмкін болатын банк пайдасының төмендеуі, тіпті акционерлік капитал бөлігін жоғалту» [9, б.274].

Шетелдік авторлар арасынан Питер С. Роуздың мына анықтамасын айта кетейік: «несие тәуекелі – бұл активтер бөлігі құнының, әсіресе несиелердің, төмендеуі немесе сол активтер бөлігінен келетін кіріс көлемінің күтілетін дәрежеден төмен болуы» [10, б. 561].

Жоғарыда келтірілген несие тәуекелі мәнінің анықтамалары «несие тәуекелі» ұғымының терең мағыналы екендігін көрсетеді. Бірақ, біздің ойымызша берілген анықтамалардың ешқайсысы несиелік тәуекелді себептілік және нәтижелілікке ие белгілі бір процесс ретінде сипаттамайды.

1. Нарықтық немесе инвестициялық тәуекел бағалы қағаздардың мүмкін болатын құнсыздануымен байланысты.

2. Саяси тәуекел мемлекеттегі саяси жағдайдың тұрақтылығымен сипатталады.

3. Валюталық тәуекел валюталық бағамның жоспарланған деңгейден ауытқуымен байланысты.


4. Операциондық тәуекел төлемдерді жүргізу барысында немесе мәліметтерді электрондық өңдеу кезінде пайда болады.

5. Экономикалық тәуекел өндіріс салаларында және қаржы нарығындағы болатын жағымсыз жағдайларға байланысты пайда болады.

6. Келеңсіз жағдай тәуекелі табиғи апаттармен немесе төтенше жағдайлармен байланысты пайда болатын тәуекелділіктің түрі.

Банктік тәуекелдерді басқару мүмкіндігіне байланысты ішкі және сыртқы банктік тәуекелдерді ішінара басқарылатын және басқарылмайтын болыпта бөлуге болады (5-сурет).





5-сурет – Банктік тәуекелдердің басқару мүмкіндігіне байланысты жіктелуі  
*Ескерту – әдебиет көзі [11, б.348]*

Кез келген банктің қызметінің табыстылығы банктің берген несиелерінің сапасына, яғни оның қайтарымдылық дәрежесіне тікелей байланысты. Несиенің уақтылы қайтарылмауы банктің зиян шегуіне итермелейді. Сондықтан да банктер несиелік тәуекелді басқару шараларымен уақтылы айналысып отыруға тиіс.


Тәжірибеде барлық тәуекелдер өзара байланысты және өзара тәуелді (мысалы, несиелік тәуекелі пайыз тәуекелімен тығыз байланысты орналасқан). Яғни, несиелік тәуекелді басқару толығымен банктің қарызгердің қаржылық жағдайы мен оның болашақтағы серпінін толық және дұрыс анықтау

мүмкіндігіне байланысты. Айта кету керек, несиелік тәуекелді бағалау кезінде клиенттің қарызды қайтару дайындығына үлкен көңіл бөлу керек. Бұл кезде ең бірінші сапалық факторларға кейін сандық факторлар алынады.

## 1.2 Банктік тәуекелдерді басқарудың қажеттілігі


Өкінішке орай, банк қызметінің негізгі параметрлерін басқару деңгейі қазіргі экономикаға сай, қажетті деңгейде үлкен емес. Ал, бұл уақытта ел экономикасында несиелік ұйымның тұрақты қызмет атқаруы банктің өз өтімділігін сапалы басқаруына, капиталдық базаны құруына, активтік және пассивтік операциялар бойынша пайыздық саясатты мақұлдауға, бәсеке қабілеттілікті қамтамасыз етумен байланысты.

Тәуекелді басқарудағы концептуалдық амалдар келесілерді қамтиды (6-сурет):



6-сурет - Тәуекелді басқаруға концептуалдық амалдар  
*Ескерту – әдебиет көзі [12, б.191]*

Тәуекелді басқару жүйесінің қағидалары мен мәселелері. Тәуекелді басқару тәуекел – менеджменттің тактикасы мен стратегиясын қамтиды (7-сурет).




7-сурет - Тәуекелді басқарудағы тәуекел – менеджменттің түрлері  
*Ескерту – әдебиет көзі [11, б.351]*

Басқару стратегиясы – бұл стратегиялық жоспарлау мен ұзақ мерзімді болжамдау негізінде, алға қойылған мақсатқа жету үшін амалдар мен

бағыттарды әзірлеу жиынтығы. Бұдан шешім қабылдау үшін белгілі бір ережелер мен шектеулер қалыптастырылады. Тәуекелді басқару стратегиясы банк қызметінің зиянсыздығы қағидасын сақтау мен пайдалылық және банк қабылдаған тәуекел деңгейінің оптималды арақатынасын сақтауға бағытталған. Бізге белгілі болғандай стратегиядан тактика туындайды.

Басқару тактикасы - бұл нақты жағдайда алға қойылған мақсатқа жету үшін керекті нақты амалдар мен іс – әрекеттер. Тактиканың негізгі мәселесі сол, стратегияға қайшы келмейтін барлық шешімдерден ең оптималды және орын алған жағдайға сәйкес келетін амалдарды таңдау. Демек, тәуекелді тиімді басқару көп жағдайда тәуекелділік деңгейін төмендететін әдістерді толық пайдалануға байланысты. Тәуекелді басқару жүйесінің мәселелері. Тәуекел деңгейі белгілі бір уақыт аралығында ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен айтарлықтай өзгеріске түсуіне байланысты, банк тәуекелді басқару жүйесін келесі мақсаттарда әзірлейді (8-сурет).




8-сурет – Коммерциялық банктердің тәуекелді басқару жүйесінің мақсаттары

*Ескерту: автормен жасақталған*

Тәуекелді басқару қағидалары:

- белгілі бір мүмкіншілік болса, тәуекелге бармау;
- банктің меншікті капиталы көтере алмайтын тәуекелге бармау;
- тәуекелдің артын ойлау және аз нәрсе үшін көппен тәуекелге бел бұрмау;
- өте жоғары пайда алу үшін өз – өзіне тәуекелді ойластырмау;
- тәуекелді үнемі бақылауда ұстау;
- тәуекелді клиенттер мен қатысушылардың қызметтерінің түрлері арасында орналастыру арқылы төмендету;
- тәуекелді жабу үшін керекті резервтерді құру;
- тәуекелдің өзгерісін үнемі бақылауда ұстау;
- қабылданатын тәуекелділік деңгейін сандық өлшеу.

Тәуекелді басқару жүйесін іске асыру этаптары. Тәуекелді басқару жүйесінің негізгі үш этапын қарастыруға болады (9-сурет).



9-сурет - Тәуекелді басқару жүйесінің этаптары  
Ескерту: автормен жасақталған

Тәуекелді талдау. Тәуекелді талдау банктік операцияларды жүзеге асыру кезіндегі нақты бір тәуекел түрін төмендететін немесе жоғарылататын факторларды анықтаудан тұрады. Тәуекелді бағалау, ол тәуекелділік деңгейін сандық және сапалық әдістермен өлшеуден басқа еш нәрсе емес.

Тәуекелділік деңгейі екі негізгі – сандық және сапалық әдістермен өлшенеді (10-сурет).



10-сурет - Тәуекелділік деңгейін өлшеу әдістері  
Ескерту: автормен жасақталған

Сапалық талдау. Тәуекелді бағалаудың бұл тәсілі тәуекелділік деңгейін ұлғайтуға әсерін тигізетін жағымсыз факторларды анықтауға негізделетін, жағымсыз ақпаратты анықтау жолымен оған сөздік сипаттама беретін тәсіл болып табылады.

Талдау нәтижелерінің сенімділігін одан әрі қосымша қамтамасыз ету үшін сандық талдау жүргізіледі.


Сандақ талдау. Тәуекелдің сандық көлемі абсолюттік және қатысты көрсеткіштермен өлшенеді. Алайда, жоғалтуларды жеткілікті дәлдікпен нақты анықтау әрқашан мүмкін бола бермейді. Егер мүмкін болатын жоғалтулар көлемін пайызбен банк қызметін сипаттайтын (мысалы, несиелік ресурстар көлеміне) белгілі бір көрсеткішке апарса, онда тәуекелділік деңгейінің өсімі де соған қатысты айтылады (мысалы, жоба бойынша жоғалтулар көлемі несие сомасының 50% - ын құрайды). Өртүрлі операцияларды орындау барысында орын алатын тәуекелдің рұқсат етілетін деңгейі банк саясатында көрсетіледі.

Коммерциялық ұйымдардың тәуекелді басқаруға қызығушылығының артуын үш негізгі себеппен түсіндіруге болады:

1. Нормативтік талаптардың күшеюі. ҚР ҰБ несиелік және өтімділік тәуекелдерін басқару бойынша нұсқаулыққа айтарлықтай өзгерістер енгізді [13,б.481]. Базельдік келісімнің талабы бойынша несиелік ұйымдардың меншікті капиталын жеткіліктілігі 10% – дан кем болмау керектігін айта кету керек, ал ХҚЕС қағидаларының құрылуы тәуекел – менеджмент элементтеріне негізделеді.

2. Жағымды инвестициялық имидж қалыптастыру. Отандық банктеріміздің халықаралық нарыққа шығуына белсенділік танытуына байланысты олар инвестицияларды тартуды керек етеді, сәйкесінше, олармен контрагенттердің жоғарғы ірі келісімдерге отыруын қажет етеді. Потенциалдық инвесторлар мен контрагенттер қаржылық ұйымның тұрақтылығы мен төтеп бергіштілігін бағалау үшін банкпен қабылданған тәуекелдерді басқару жүйелерін де зерттейді. Сол себепті банктер халықаралық келісімдерге отыру мен инвестицияларды тартуға қызығушылық танытады және де тәуекелдерді басқарудың сапалы жүйелерін әзірлеуге ұмтылады.

3. Тәуекел профильді бақылау, кірістіліктің тұрақтылығы. Несиелік ұйымдар өзінің негізгі қызметінің төңірегінде тәуекелді талдау мен басқаруға қажеттілікті керек етеді. «Кіріс – тәуекел» арақатынасын тұрақты деңгейде ұстау үшін, банк ең алдымен жеке тәуекел профильді анықтауды қажет етеді, ол дегеніміз банкке қандай тәуекелдер төніп тұр және олардың қай деңгейін менеджмент қалыпты деп есептейді. Тәуекелді басқару саясаты. Тәуекелді басқару саясаты (ары қарай - саясат) банк тәжірибесінде өзіне тәуекелді басқарудың амалдары мен бағыттарын, жалпы қағидаларын, сонымен бірге тәуекелді басқару жүйесін дамыту стратегияларын қамтиды (11-сурет).



11-сурет- Тәуекелді басқару саясатының негізгі мәселелері  
*Ескерту: автормен жасақталған*

Тәуекелділіктің жоғары деңгейімен сипатталатын банк қызметтерінің түрлерінде банк табысқа ие болу үшін шешім қабылдаудың ерекше механизмін дамытады. Банктер тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейін анықтап, оның табысты қандай дәрежеде ақтайтынын есептейді. Осының негізінде банк тәуекелдерді анықтауға өзгертуге, бақылауға, деңгейін төмендетуге байланысты іс-шараларды дайындап жүзеге асырады. Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесі төмендегі суретте көрсетілген элементтерден тұрады (сурет-9)

Тәуекелді бақылау. Тәуекелді бақылау тәуекелді уақтылы анықтау мен оның алдын алуға немесе оны болдырмауға бағытталған іс шараларды қамтиды.

Тәуекелді басқару жүйесінің ішкі бақылауы тәуекелдің алдын алудың ең тиімді әдісі болып табылып, келесідей жолдармен жүзеге асырылады:

1. Тәуекелді басқару саясатының тиімділігін бағалау мен мониторинг жүргізу;

2. Зияндардың пайда болуы мен оған алып келген жағдайлар мен оқиғалар фактілерін анықтау;

3. Тәуекелді төмендету мақсатындағы ішкі банктік процедуралар мен бизнес – процесстерді оңтайландыруға байланысты шаралар мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

4. Жаңа өнімдерді енгізумен байланысты пайда болатын тәуекелдерге бақылау жүргізу.

Мониторинг жүргізу тәуекел деңгейінің өзгеруіне үнемі қадағалау жүргізу мен оған уақтылы әсер етуді қамтамасыз етеді.

Тәуекелді төмендету тәсілдері. Тәуекелді басқару тиімділігі көп жағдайда бардық әдістер мен тәсілдерді толық пайдалануға байланысты болады.


Тәуекелді басқару әдістері оның деңгейін төмендету амалдарынан тұрады. Тәуекелді төмендетудің негізгі үш әдісін атауға болады (12-сурет).

Тәуекелден бас тартуға толығырақ тоқталып өтсек, ол тәуекелмен байланысты шарадан жай ғана қашу, яғни, өзінің орындалуымен банкке тәуекел тудыратын қандай да бір операциядан бас тарту, ол деген пайдадан да бас тарту деген сөз. Айта кететін жайт, тәуекелді оның деңгейін төмендету немесе үшінші тұлғаға беру жолымен басқару қаржылық операция кезінде жүзеге асады, ал тәуекелден бас тарту болса, келісімшартқа қол қою кезінде ғана маңызды.

Резервтеу. Банк тәуекелдерін басқарудың негізгі әдістерінің бірі – резервтеу. Мүмкін болатын зияндардан сақтандыру үшін банк меншікті қаражаттарды (капитал) құрады, сонымен қатар несие және басқа да активтер бойынша мүмкін болатын жоғалтулардың орнын толтыру мақсатындағы, банк шығындарына жатқызылатын міндетті резервтерді құрады. Оның көлемі банктің нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

Сақтандыру. Сақтандыру кезінде тәуекел үшінші тұлғаға – сақтандырушы немесе гарантқа өтеді. Бұл әдіс көбінесе несиелік тәуекелді төмендетуге сай келеді. Сақтандыру сақтандырушыға сақтандыру сыйақысы ретінде төленген қосымша ресурстардың шығуына алып келсе де, сақтанушы

ретінде қарыз алушының өзі шығады, ал пайдана алушы банк болып қала береді.



12-сурет- Тәуекелді төмендету тәсілдері

*Ескерту: автормен жасақталған*

Хеджирлеу. Сақтандырумен салыстырғанда, хеджирлеу кезінде тәуекел сақтандырушы немесе гарантқа емес, ал қаржылық нарықтың қатысушыларына туынды қаржылық құралдарды (форвард, фьючерс, опцион, своп, т.б.) қолдану арқылы жасалған келісімдер негізінде өтеді. Сақтандырудағыдай хеджирлеуде де опциондық сыйақы немесе депозитке салу сияқты қосымша ресурстардың шығуын қажет етеді. Бұл әдіс көбінесе нарықтық тәуекелді төмендетуде қолданылады.

Лимиттеу – бұл лимит белгілеу, яғни әртүрлі банктік операциялар бойынша шығындардың шегін белгілеу (мысалы, құрылыс саласындағы корпоративтік клиенттерге ұсынылатын несие көлемі 10 млрд.тг аспауы керек).

Лимиттеу – банктік тәуекелдерді шектеу мақсатымен партнерлар, құралдар және көлемдері бойынша банктік операцияларды зерттеуді шектеу [14, б.29]. Шектеудің келесідей көп тараған түрлері бар:

- Әр контрагенттермен операциялар бойынша лимиттер;
- Әр құрал, актив түрі, нақты бөлімше немесе дилерге лимиттер;
- Бір қарыз алушыға минималды қарыз мөлшері;
- Баланстан тыс міндеттемелердің минималды мөлшері;
- Келесі күнге қалдыруға мүмкін ашық позицияның минималды мүмкін мөлшері;
- банктің әр бөлімшесі, әр құралы, әр позициясы бойынша пайда мен шығындар лимиті.

Диверсификация – бұл тәуекелді төмендету мақсатында бір – бірімен қатынасы жоқ, инвестицияланатын қаражаттарды әртүрлі объектілерге салынатын капитал арасында бөлу. Тәуекелдер диверсификациясы қаражаттарды пайдалану бағытына, салаға, аймаққа, уақытқа және т.б. байланысты болуы мүмкін.

Диверсификациялау арқылы банктік операциялардың бір түріне байланысты тәуекелділікті жояды немесе төмендетеді. Банк өзінің портфельін төменде көрсетілген бағыттарға байланысты жиі диверсификациялау керек.

а) Тартылған қаражаттың диверсификациясы:

- мерзімі бойынша;
- тартылу түрлері бойынша (заңды тұлғалардың депозиттері, жеке тұлғалардың депозиттері, банк аралық несиесі, халық аралық қарыздар);
- тартылу көздері бойынша (сала, клиенттердің топтары бойынша);

б) қолданылатын құралдардың диверсификациясы: активтер портфельінде төлем құралдары көп болуы керек;

с) қалыптастырылған портфельдің диверсификациясы:

- мерзімі бойынша: көбінесе ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді;
- қарыз алушылар бойынша: ссудалық портфельде қарыздың аз мөлшерде бірақ көп тұлғаларға берілуі керек.

Бөлу. Тәуекелді қызметтер құнына қосу ретінде оны келісімге қатысушылар арасында бөлу арқылы тәуекелді төмендетуге болады. Ол қызметтерге: пайыздық ставка, айыппұл санкциялары, комиссия және т.б. жатады. Бұл әдіс көбінесе несиелік тәуекелді төмендетуге қолданылады.

Минимизация. Тәуекелді минимизациялау шығынға алып келетін, болашақта орын алуы мүмкін жағдайлар мен оқиғалардың ықтималдылығын төмендетуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтиді.

Сапаны басқару – тәуекелді басқарудың қазіргі уақытқа ең көп қолданылатын түрі. Оның негізгі мәні болып банк басқармасының тарапынан тәуекелдердің алдын алу болып табылады. Мұндай тәсілмен басқару үшін банкке маманданған қызметкерлер керек.

Проценттік тәуекелдерді басқару. Проценттік тәуекелділіктер дегеніміз – тартылған қаражаттар бойынша төленетін проценттік ставканың орналастырылған активтер бойынша алынатын проценттік ставкалардан жоғарлап кетуге байланысты пайда болатын тәуекелділіктің түрі [15, б.29].

Проценттік тәуекелдерді басқарудың мынадай құралдар қолданылады:

1. проценттік тәуекелдерді сақтандыру;
2. несиені өзгермелі проценттік ставкамен беру;
3. ФРА (Forvard Rate Agreement) операцияларын жүргізу.

Валюталық тәуекелдерді басқару. Валюталық тәуекелділіктер - әр түрлі бағам бойынша валютаны сату және сатып алу кезінде шығынға ұшырау. Бір валютаның басқа валютамен салыстырғандағы бағамы әр түрлі факторларға байланысты өзгереді. Ондай факторларға мыналар жатады: валютаның ішкі құны, спекуляция, бір мемлекеттен екінші мемлекетке ақша ағымы. Валюталық



тәуекел ашық позиция жағдайында пайда болады.

Өтімділік тәуекелін басқару. Өтімділік тәуекелі банк өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау барысында өтімді қаражаттардың жетіспеу мүмкіндігіне байланысты пайда болады. Өтімділік тәуекелі басқа банктік тәуекелдердің туындысы болып табылады, яғни несиелік, проценттік тәуекелдердің шамадан тыс жоғарлап кетуі өтімділік тәуекелінің жоғарлауына әсерін тигізеді.

Өтімділік тәуекелінің деңгейі пассивтер есебінен қаржыландырылатын өтімділігі жоқ активтер дәрежесімен сипатталады. Өтімділік тәуекелінің пайда болу көзі ретінде пассивтердің мерзімі мен активтер мерзімінің арасындағы айырманы қарастыруға болады, яғни банктердің ағымдағы инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін қажетті пассивтерді уақтылы тарта алмауы.

Ресурстарды бөлу мынадай екі әдіске байланысты жүргізіледі: "жалпы қор" әдісі және 'банк ішіндегі банктер' әдісі.

"Жалпы қор" әдісінің мазмұны: ресурстардың қалыптасу көздеріне қарамастан пассивтер сомасын әр түрлі активтердің арасында бөлу. Банк белгілі бір активтік операцияны жүргізу кезінде осы әдіске сәйкес ресурстардың қалыптасу көздерін есепке алмайды. Бұл тәсіл өтімділіктің талаптарына жауап бермейді, сондықтан ол қарапайым немесе жай әдіс болып саналады.


"Банк ішіндегі банктер" әдісіне сәйкес банктер тарапынан пассивтерді бөлу барысында тартылған ресурстардың құрамына көңіл бөлінеді. Осылайша, мерзімсіз депозиттер ретінде тартылған қаражаттар қысқа мерзімді және өтімділігі жоғары активтерге орналастырылуы керек.

## 2 «ЦЕСНА БАНК» АҚ материалдары негізінде тәуекелдерді бағалау және басқару тәжірбиесін талдау

### 2.1 «Цесна Банк» АҚ экономикалық сипаттамасы



Банк 1992 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашық акционерлік қоғам ретінде құрылған. Банк тобының бас компаниясы ретінде «Цесна Банк» АҚ 13 - суретте көрсетілген еншілес компанияларды біріктіреді.



13-сурет - «Цесна банк» АҚ –ының 01.01.18 ж. еншілес ұйымдары және оның еншілеу үлесі

Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған

2003 жылы тиісті заңнамаға түзетулер енгізіліп, 2003 жылғы 26 желтоқсанда Банк акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелді. «Цесна Банкі» АҚ –ның негізгі қызметтеріне келесілер жатқызылады:

- депозиттерді тарту;
- клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу;
- несиелер мен кепілдіктер беру;
- кассалық қызмет көрсету;

- бағалы қағаздармен және шетел валютасымен жасалатын операциялар болып табылады. Банктің қызметі ҚР ҰБ-мен реттеледі. Банк Қазақстан Республикасындағы депозиттерге кепілдік беру қорының мемлекеттік жүйесіне кіреді [16].

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің Қазақстан Республикасында 22 филиалы (2016 жыл 31 желтоқсанда: 22) және 146 бөлімшесі (2015 жыл 31 желтоқсанда: 143) бар. Топтың активтері мен міндеттемелерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан. «Цесна Банк» АҚ, ең алдымен Қазақстанда жұмыс істейді. Соның нәтижесінде банк Қазақстан қаржы нарығында орын алып жатқан экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың үлесі 77500000 қарапайым акциядан және 2500000 өтелмейтін кумулятивті артықшылықты акциялардан тұрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында: 77500000 қарапайым акциялар және 2500000 өтелетін кумулятивті артықшылықты акциялар). Шығарылған және айналымдағы жарғылық капитал 5866973 қарапайым акциядан және 2366645 артықшылықты емес жинақталған артықшылықты акциялардан тұрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында: 43865942 жай акция және 2376691 өтелмейтін кумулятивті артықшылықты акциялар).

Акциялардың номиналды бағасы белгіленбеген. 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін қосымша 14800085 жай акция бір акция үшін 2000 тг-ден бағаланды (2016 жылдың 31 желтоқсанында мәлімет жоқ). Жай акциялардың иелері дивидендтерді жариялауға құқылы және олар акционерлердің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс бере алады.

01.01.18 ж. «Цесна банк» АҚ-ның ақша қаражаттары - 7470 млн. тг өсті (ал бұл көрсеткіш 01.01.17 ж. қаржылық есеп бойынша 141511 млн. тг құрады), жалпы активтер сомасы 1,2 есеге өскен, немесе 303444 млн.тг-ге артқан. Бұл деректер банктің қаржылық жағдай туралы есептілігінде көрсетілген. Ал ақшалай қаражаттары мен олардың баламаларына келетін болсақ, есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда 28039 млн.теңгеге өскенін байқаймыз, ақшалай қаражаттары мен олардың баламаларыны құрамында ең үлес салмақты ҚР ҰБ – дегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар құрайды (51,8%), бірақта бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 10232 млн.теңгеге азайғандығын көруге болады (кесте -1).

Талдау «Цесна банк» АҚ –ның 2016-2017 жж. қаржылық жағдай туралы есептілігі мәліметтері негізінде жасалды (қосымша А).

1-кесте - «Цесна банк» АҚ ақшалай қаражаттар және олардың баламалары 2017-2018 жж.

Көрсеткіштер	01.01.17		01.01.18	
	млн. теңге	үлесі, %	млн. теңге	үлесі, %
<b>Кассадағы ақшалай қаражаттар</b>	<b>56239</b>	<b>26,3</b>	<b>48769</b>	<b>26,3</b>
<b>ҚР ҰБ – дегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар</b>	<b>110766</b>	<b>51,8</b>	<b>120998</b>	<b>65,1</b>
<b>Ресей Федерациясы Орталық банкісіндегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар</b>	<b>14195</b>	<b>6,6</b>	<b>2989</b>	<b>1,6</b>
<b>Басқа банктердегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар</b>				
- «АА-» -дан «АА+» -ға шейінгі несиелік рейтингпен	-	-	767	0,4
- «А-» -дан «А+» ға шейінгі несиелік рейтингпен	3341	1,6	79	0,1
- «ВВВ-»-дан «ВВВ+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	3690	1,7	7629	4,1
- «ВВ-» -дан «ВВ+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	536	0,3	989	0,5
- «В-» -дан «В+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	584	0,3	123	0,1
- «ССС-» -дан «ССС+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	-	-	274	0,2
- Несиелік рейтинг берілмеген	533	0,2	960	0,4
<b>Басқа банктердегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар</b>	<b>8684</b>	<b>4,1</b>	<b>10821</b>	<b>5,8</b>
<b>Қмыбат бағалы металдар</b>	<b>19</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Басқада банктердегі мерзімді депозиттер және ағымдағы шоттар</b>				
- «АА-» -дан «АА+» -ға шейінгі несиелік рейтингпен	18760	8,8	-	-
- «А-» -дан «А+» ға шейінгі несиелік рейтингпен	-	-	7	0,01
- «ВВ-» -дан «ВВ+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	1	-	-	-
- «В-» -дан «В+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	5057	2,4	2049	1,0
- «ССС-» -дан «ССС+»-ға шейінгі несиелік рейтингпен	-	-	17	0,01
- Несиелік рейтинг берілмеген	72	0,04	104	0,2
<b>Басқада банктердегі мерзімді депозиттер және ағымдағы шоттар</b>	<b>23890</b>	<b>11,2</b>	<b>2177</b>	<b>1,2</b>
<b>Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары, барлығы</b>	<b>213793</b>	<b>100,0</b>	<b>185754</b>	<b>100,0</b>
Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған				

Кесте мәліметтері негізінен ақшалай қаражаттар және олардың баламаларындағы өсулердің келесі баптар бойынша болғандықтарын көрсетеді:

- Ресей Федерациясы Орталық банкісіндегі «Ностро» шоттарындағы қаражаттар - 11206 млн.теңге;
- Басқада банктердегі мерзімді депозиттер және ағымдағы шоттар – 21713 млн.теңге.

Несиелік рейтингтер «Fitch» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтинг агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылады.

01.01.17 ж. жағдай бойынша топта жарғылық капиталдың 10%-нен асатын депозит шоттары бар екі банк бар. 01.01.18 ж. жағдай бойынша қалдықтардың жалпы көлемі 12 9526 млн. теңгені құрады.

2016-2017 жж. «Цесна банк» АҚ клиенттерінің ағымдағы шоттары және депозиттерінің құрылымы 2 – кестеде берілген.

2017 жылы «Цесна банк» АҚ - ның қажет уақытында талап етілмелі депозиттері мен клиенттерінің ағымдағы шоттары көлемінің өткен жылмен салыстырғанда 231153 млн.тг артқанын көріп отырмыз, тек қана құрамында корпоративтік клиенттердің мерзімді депозиттерінің 42386 млн.теңгеге

азайғандығын байқауға болады. Қалған баптар бойынша тек оң тенденцияны байқауға болады. 2017 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Цесна банк несиесі бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін депозиторлардың 23556 млн. теңге сомасындағы депозиттерін пайдаланды.

2-кесте - «Цесна банк» АҚ 2016-2017 жж. клиенттерінің ағымдағы шоттары және депозиттерінің құрылымы

Көрсеткіштер	01.01.18		01.01.17	
	млн. теңге	үлесі,%	млн. теңге	үлесі,%
Қажет уақытында талап етілмелі депозиттер және ағымдағы шоттар				
- Корпоративтік	245340	14,7	169317	11,7
- Бөлшектік	38187	2,3	15958	1,1
- Есептелген сый ақылар	-		78	0,01
Мерзімді депозиттер				
- Корпоративтік	634975	38,0	677361	47,0
- Бөлшектік	747890	4,5	574635	39,9
- Есептелген сый ақылар	6532	0,4	4422	0,3
<b>Барлығы</b>	<b>1672924</b>	<b>100,0</b>	<b>1441771</b>	<b>100,0</b>
Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған				

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері «ҚазАгро» -ның шартты мерзімді депозиттері болып табылады, шартты мерзімде орналастырылған депозиттер көлемі (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 506 млн. АҚШ долл.) - 2023 жылы өтеу мерзімі 1% мөлшерінде 471 млн. АҚШ доллары мөлшерін құрайды.

Банктің және басқа қаржы институттарындағы шоттары мен депозиттері 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - «Цесна банк» АҚ – дағы банктердің және басқа да қаржылық институттардың 2017 -2018 жж. қаражаттар құрамы

Көрсеткіштер	01.01.18		01.01.17	
	млн. теңге	үлесі,%	млн. теңге	үлесі,%
Банктердің және басқада қаржылық институттардың несиелері	121754	77,5	125899	58,8
Банктердің депозиттері	35277	22,4	87994	41,2
«Ностро» шоттары	74	0,1	65	0,01
<b>Барлығы</b>	<b>157105</b>	<b>100,0</b>	<b>213958</b>	<b>100,0</b>
Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған				

2017 жылы банк капиталының 10% -ын құрайтын екі қаржы институтының шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтардың жиынтық сомасы 13919 млн. теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 144348 млн. теңге). 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердің және басқа

қаржы институттарының шоттары мен депозиттері 28 000 млн.тг құрайды, бұлар Дамудан өтеу мерзімі 2034 және 2035 жылдары жылдық 2% ставкамен мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен алынған. Қарыздар белгілі бір салаларда жұмыс істейтін ШОБ қаржыландыру негізінде мемлекеттік бағдарламаға сәйкес алынды.

«Даму» мен «Топ» арасындағы қарыз туралы келісімдерге сәйкес, Топ ШОБ қарыз алушыларына несие беруді жүзеге асырады, бағдарламаға қатысуға құқығы бар, жылдық 6% ставка бойынша өтеу мерзімі 10 жылдан аспайды.

Банктің топ менеджерлері бірнеше ұқсас қаржы құралдары бар деп санайды, сондай-ақ «ҚазАгро» мен «Даму» алынатын несиелердің айрықша сипатына байланысты мемлекеттік компаниялармен несиелеу нарығында бөлек сегментті құрайтын белгілі бір секторларда жұмыс істейтін субъектілерді қолдау үшін беріледі. Нәтижесінде, Дамудан алынған несие қарапайым мәміле шеңберінде алынған несие болып саналады және алынған сома бастапқы танылу кезінде несиенің әділ құны болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсанында шоттар мен депозиттері бойынша қалдықтары банк капиталының 10% -нен астамын құрайтын 8 клиенті бар (31 желтоқсан, 2016 ж.: 14 клиент). Осы айтылған клиенттердің шоттары мен депозиттеріндегі қалдықтар жалпы көлемі 2017 жылдың 31 желтоқсанына 402504 млн,тг құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 508838 млн.теңге). Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері ҚазАгроның жылдық 1% ставкамен өтеу мерзімі 2023 жылғы шартты мерзімді депозитін қамтиды.

2018 жылғы 19 қыркүйекте аграрлық секторды оңалту механизмі бекітілді және «Цеснабанк» АҚ-ның несие портфелінің бір бөлігін 450 млрд. теңге көлемінде проблемалық несиелерді сатып алу туралы келісімге қол қойылды.

2019 жылғы 6 ақпанда «Назарбаев Халық Банкі», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» автономды білім беру ұйымдары тобының қаржы холдингінің инвестициялық бөлімшесі «Цеснабанк» АҚ жай акцияларының 99,5% алу туралы шешімдерін хабарлады.

Бұл мәміле Мемлекеттік проблемалық несиелер қорымен (ФПК) банктің ауыл шаруашылық несие портфелінің өткен жылдың қыркүйек айында 450 млрд. теңге көлемінде сатып алынғаннан кейін және Ұлттық Банктен қосымша өтімділік үшін алынған 150 млрд. Теңге алынғаннан кейін орын алды. «Цеснабанк» АҚ-ның хабарлауынша, 100 млрд. теңге ішінара өтелді.

Сату туралы шешім – 2018 жылдың жазындағы депозиттердің салымшалармен қайта алынуына ұшыраған банктің қызметін жетілдіру шаралары. «Ағымдағы (шілде-тамыз) ағымдағы жылдың шілде-тамыз айларында квазимемлекеттік сектордың кейбір ірі банк клиенттері бір мезгілде салымдардың айтарлықтай бөлігін алып тастау үшін өтініш берді, деп атап көрсетті басқарма төрағасы Ульф Вокурка.

Өтімділіктің қосымша резервтерін қамтамасыз ету үшін банк Қазақстан Ұлттық банктен 200 млрд. теңге сомасына қысқа мерзімді несие алды. Сонымен

бірге, 2018 жылдың 5 қыркүйегінде банк 100 млрд. теңге көлемінде қарызды ішінара өтеуді жүзеге асырды.

2018 жылдың қыркүйегінде Үкімет пен Ұлттық Банк Цеснабанктен ауыл шаруашылығы несиелері портфелін сатып алу туралы шешім қабылдады. Қаңтар айында проблемалық несиелер қоры жылына 9% -ға 604 млрд. теңге (шамамен 1,6 млрд. доллар) облигацияларды орналастыратыны белгілі болды. Қаражаттар Цеснабанк активтерін сатып алуды қаржыландыруға арналды.

Цеснабанк негізінен агроөнеркәсіп саласын несиелендірді. Сыртқы нарықтардағы қарқынды өзгеремелі жағдайлармен байланысты ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қаржылық тұрақтылығы нашарлады. Бұл, өз кезегінде, банктің қаржылық тұрақтылығына әсер етті. Қабылданған шаралардың нәтижесінде банк капиталына жаңа инвестор тартуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қосымша қолдау көрсету және оларды жеделдетіп қалпына келтіруге жағдай жасалды.

Мәміле жасалудың сәл алдында Standard және Poors рейтингілік агенттігі облигацияларды шығаруды қайта құрылымдау нәтижесі бойынша қазақстандық «Цеснабанк» АҚ «SD» (selective default – ішінара дефолт) төмендетті. 2019 жылдың 29 қаңтарында «Цеснабанк» басымды қамтамасыз етілмеген облигацияларды шығару жағдайына өзгеріс енгізді, атап айтқанда, өтеу мерзімін ұзартып купон ставкасын төмендетті. Банк рейтинг бойынша S&P Global Rating агенттігіне берілген рейтингке мүлдем келіспеушілігін білдірді.

Мәмілені жариялауға дейін «Цеснабанк» АҚ-ның негізгі акционері «Цесна» қаржы холдингі болды (70,79%), соның ішінде А.Жақсыбеков - соңғы бенефициар болып табылды.

Мәміле сату туралы келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі бекіткен негіздемелік келісімге сәйкес жүзеге асырылды. «Heartland Securities» АҚ (FHS) өз міндеттемелерін орындау үшін алғышарттарды орындағаннан кейін банк капиталын 70 млрд. теңге көлемінде ұлғайтуға тиіс.

FHS - First Heartland Bank коммерциялық банкі және First Heartland Capital активтерді басқару компаниясы кіретін First Heartland тобына кіреді. Компания бағалы қағаздар нарығында 10 жылдай жұмыс тәжірибесі бар, FHB еншілес банкі арқылы Назарбаев Университеті, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» компаниялар тобына, олардың қызметкерлеріне және ірі жеке сектор клиенттеріне инвестициялық және қаржы қызметтертер түрлерін көрсетеді.

First Heartland Securities - бұл бірінші қазақстандық «Heartland Securities» брокерлік компаниясы болып табылады, оның құрамына коммерциялық банк, First Heartland Bank және инвестициялық қорларды басқару компаниясы (First Heartland Capital) кіреді. FHS бұрынғы атауы - «ZIM Capital» АҚ.

«First Heartland Bank» АҚ бұрын RBS Kazakhstan брендімен (Royal Bank of Scotland-ның қазақстандық еншілес компаниясы) белгілі болды. 2016 жылдың шілдесінде Ұлттық банк Қазақстандағы Royal Bank of Scotland (RBS

Kazakhstan) еншілес кәсіпорнының 100% акциясын ресейлік бизнесмені И. Кимді сатып алуға берілген ұсынысын мақұлдады. Жаңа ие заңды тұлғаны қайта тіркеп қаржы институты «Банк Экспо Кредит» АҚ деп атала бастады. 2017 жылдың соңында И.Ким қазақстандық активтерін сатты және банк «First Heartland Securities» брокерлік компаниясы және First Heartland Capital активтерді басқару компаниясы кіретін Pioneer Capital Invest инвестициялық холдингінің құрамына кірді.

## 2.2 «Цесна Банк» АҚ өтімділік тәуекелін басқару негізін талдау

АҚ «Цесна банк» мысалында өтімділік тәуекелін бағалау және басқару саясатын және механизмін қарастырамыз.

Банкте активтер мен міндеттемелерді басқару бойынша комитет құрылған, ол банк активтері мен қаржы көздерінің көлемін анықтауға және бақылауға қызмет етеді, оның қорытындылары өнімділік, капитал, өркендеу мақсаты мен пайда нәтижелерімен сәйкестенуі, сондай-ақ ақша ағымдарымен байланысты пайыздық және пайыссыз кірістері мен шығыстардың жүйелі талдауын өткізеді, өз нәтижелерінде ол бекітілген саясаттың орындалуын қарастырады, егер қажет болса өзгертулер енгізеді.

Активтер мен міндеттемелерді басқару бойынша комитет саясатын қазынашылық белгілейді, оның міндеттері:

- банктің жиынтық өтімділігін басқару;
- тартылған және орнатылған ресурстар портфелін жедел басқару арқылы активтердің жоғары кірісті сапалы құрылымын қалыптастыру.

Қазынашылық ақша қаражаттарының қозғалысын жедел басқару сұрақтары бойынша банктің бас бөлімшесі болып табылады. Қазынашылық шешімі ресурстарды тарту және орналастыру мен жұмыстанатын бөлімдер мен фирмалар үшін орындалуға міндетті болып табылады.

Осы ретпен қазынашылық «банк ішіндегі банк» рөлін атқарады, мұнда қаржылар анықталған баға бойынша құйылып шығарылады. Қазынашылыққа орынбасар жетекшілік етеді, басқарма төрағасы - Қазынашылық Директоры. Қазынашылық үш бөлімшеден тұрады:


- жүйелі талдау және болжау басқармасы;
- дилинг басқармасы – жиынтық өтімділікті (барлық валюта түрі бойынша) басқару бойынша барлық сұрақтарды шешетін бөлімше.
- ағымдағы өндіріс басқармасы.

Банктің уақытылы және толық контрагенттері мен клиенттері арасындағы өз міндеттемелерін қамтамасыз етуі ағымдағы өндірістік басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Ағымды өндірісті басқару бойынша менеджер банктің қаржыландыруды тарту және қолдану бойынша жауапты, барлық бөлімдері мен бөлімшелерінің жұмысын бақылайды және өз қызметін осы бөлімшелер жұмысын сәйкестендіреді. Бар және болжанбалы депозиттер мен аманаттар



бойынша ақпараттар жинайды.

«Цесна банк» акционерлік қоғамындағы корпоративтік бизнес басқармасы, Халықаралық қатынастар басқармасы, Қазынашылық және аналитикалық орталықтарының өтімділік тәуекелін басқару процессіне қатысулары келесі суретте сипатталған (14-сурет).



14-сурет - Банк өтімділік тәуекелін басқару процессіндегі Корпоративтік бизнес басқармасы, Халықаралық қатынастар басқармасы, Қазынашылық және Аналитикалық орталықтарының бір-бірімен ара -қатынастары  
 Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған

Банк өтімділігін басқару және өтімділік тәуекелділігін төмендету тұрғысынан көрсетілген бөлімшелер арасындағы қатынастар оларды жинақтауға және ретке келтіруге зор әсерін тигізеді. Клиент, несие алуға өтінішін дайындағаннан кейін оны корпоративтік бизнес басқармасына жібереді (1).

Бұл сатыды тек қана несие алуға өтініш қабылданып қана қоймайды, сонымен қатар банктен клиентке қарай кері байланыс пайда болады, немесе клиент талаптары бойынша берілетін қызметтерге қосымшалар мен түзетулер енгізіледі.

Содан кейін корпоративтік бизнес басқармасы жобаны қарап бекіткеннен

кейін, мәліметтер әрі қарай қаралуға Несиелік комитетке жіберіледі (2).

Несиелік комитет берілетін несиенің мөлшеріне қарай, өтінішті тікелей аналитикалық орталыққа (3), немесе активтер мен пассивтерді басқару Комитетіне (АПБК) жібереді (4).

Егерде өтініш тиісті бағыт бойынша жіберілсе (4), АПБК өтініш қарастырды және қаржыландыру көздерін анықтайды және ары қарай қарастырылуға банк басқармасына жіберіледі (5).

Жоба бойынша оң шешім қабылданған уақытта тиісті жарлық аналитикалық орталыққа жіберіледі және ары қарай Қазынашылыққа жіберіледі. Қажетті деңгейін сақтау үшін банктің айналымдағы қаражаттарға деген тұтынуын анықтау бойынша қызметтерді жүзеге асырады. Осыған байланысты, күн сайын операциялық күн басы мен соңына күтілетін және жүргізілген аударуларды ескере отырып, өтімді қаржыларға талдау жасалынады, яғни аз мерзім ішінде ақша қаражаттарына тез айналдыруға болатын корреспонденттік шот қалдығына, касса нақтылығына, сондай-ақ активтерге қосылған қаржыларға.

Өтімділік тәуекелін басқару үшін Банктік қадағалау бойынша Базель комитетімен және ҚР ҰБ талаптары және әлемдік озық тәжірибелерге сай ұсынылған стандарттар мен құралдар негізінде осы тәуекел деңгейін басқару жүйесі құрылуда. Өтімділік тәуекелін басқару жүйесі ағымдағы нарық жағдайына, Цесна банк депозиттік операциялар стратегиясы, өлшемі, күрделілік деңгейіне сай келеді және топ ішіндегі мәмілелерді есепке уақытысында ала отырып, банк өтімділік тәуекелі бойынша теріс жадайларды дер кезінде анықтау, бақылау және қажетті шаманы қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

- ұзақ мерзімді перспективада өтімділік деңгейін көтере отырып қазақстандық банктердің инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет бухгалтерлік есеп Департаментімен бірлесе отырып, күнделікті өтімділік позициясын бақылап отырады және қалыпты және стресстік жағдайларда тұрақты негізде өтімділік болжамын жүзеге асыруы тиіс.

Бэк-офис қаржылық міндеттемелері өтелу мерзімі бойынша тұрақты түрде талдау жасап отырулары тиіс. «Цеснабанк» АҚ - ның 2017-2018 жж. қаржылық міндеттемелері өтелу мерзімі бойынша 4,5 кестелерде көрсетілген.

Қысқа мерзімді өтімділік стандарттарын сақтау қазақстандық банктер үшін аса қиындық тудырмайды. Іс жүзінде, бұл тығыз жұмыс істейтін ағымдағы өтімділік коэффициенті болып табылады, бірақ, ең алдымен, 30 күнге дейін өтеу мерзімі қарыз қаражатының белгілі бір санаттарын қамтуға неғұрлым қатаң талаптарын қанағаттандыру үшін қолданылады.

ҚР заңнамасына сәйкес, салымшылар кез келген уақытта өз депозиттерін кері алуға және көп жағдайда олар есептелген сыйақы құқығында жоғалтпайды.

Бүгінгі таңда төлем ағындарын сценарийді үлгілеудің арнайы әдіснамасын қолдану, өтімділіктің кему ықтимал шамасын бағалау және кейінгі болжау өте өзекті проблема болып табылады.

Банктік қызметті реттейтін басты халықаралық деңгейдегі құжаттар қатарына Базель комитеті (Базель I, II, III) әзірлеген стандарттар жатады [17, С.13].

Қазақстанның ДСҰ-ға (ВТО) кіруіне байланысты, Базель II және Базель III стандарттары қазақстандық банктермен міндетті түрде орындалуы тиіс. Базель III - бұл 2010-2011 жж. банктер жұмыс істеуінің Базельский комитетімен жасақталған жаңа стандарттары болып табылады. Базель III-тің мақсаты - 2008 жылғы дағдарыс кезінде анықталған проблемаларды шешу.

Базель III-тің мақсаты - 2008 жылғы дағдарыс кезінде анықталған проблемаларды шешу, олардың біреуі өтімділікті бағалауда және банктерде жедел және ұзақ мерзімді өтімділікті қамтамасыз етудегі қиындық болып табылады.

Өтімділік жоғалту тәуекелін бағалау және талдау үшін банктер ақшалай қаражаттар қозғалысын болжауды және қолданыстағы өтімділік резервтерінің мониторингісін қолдануға міндетті. Өтімділіктің қажетті қорын қамтамасыз ету үшін банктер мерзімді түрде әртүрлі сценарийлерді талдай отырып, өтімділік профилінің стресс-тестілеуін жүргізуі тиіс.

Нәтижесінде банктің ары қарай қызмет жасауы үшін оның ықтимал мүмкін оқиғалар болған жағдайдағы шектеу деңгейлері есептелуі тиіс.

Банктің өтімділігін бағалау ең маңызды сұраққа жауап беретін өте маңызды міндет болып табылады, атап айтқанда банк өзінің депозиттік міндеттемелері бойынша жауап бере алуы немесе бере алмауы. Міндеттемелерге жауап беру қабілетіне депозиттер ағынын өзгерту, несиеге сұраныс, мемлекеттік кепілдіктерге әсер ететін факторлар ықпал етеді.

4-кесте - «Цесна банк» АҚ – ның 01.01.2017 ж. өтелу мерзімі бойынша қаржылық міндеттемелері

млн. тенге	Қажет уақытында талап етілмелі және 1 айдан аз	1 - 3 айға дейін	3 - 1 жылға дейін	1 - 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Өтелу мерзімінсіз	Ақшалай қаражаттар кетуінің көлемі	Баланстық күн
<b>Көрсеткіштер</b>								
<b>Міндеттемелер</b>								
Мемлекеттік компаниялардың алынған несиелер	478	641	2099	22918	11054	-	7190	32365
Банктердің және басқада қаржылық институттардың шоттары мен депозиттері	49737	36008	38508	58874	57997	-	241124	213958
Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері	363144	36643	441423	537524	248881	12	1627627	1441771
Айналымға шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	130	-	13171	30145	17810	-	61256	44713
Субординированды қарыздар	-	636	4099	45908	33114	2364	86121	58725
Басқа да қаржылық міндеттемелер	1786	412	290	188	-	-	2676	2603
<i>Толықтай сомада орындалатын туынды қаржылық міндеттемелер</i>								
- Тусуі								
- Шығуы								
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	415029	74169	498996	707382	368856	2376	2066808	1810425
Несиелік сипаттағы шартты міндеттемелер кредитного	193549	-	-	-	-	-	193549	193549
Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған								

5-кесте - «Цесна банк» АҚ – ның 01.01.2018 ж. өтелу мерзімі бойынша қаржылық міндеттемелері

Көрсеткіштер	Қажет уақытында талап етілмелі және 1 айдан аз	1 - 3 айға дейін	3 -1 жылға дейін	1 - 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Өтелу мерзімінсіз	Ақшалай қаражаттар кетуінің көлемі	Баланстық құн
<b>Міндеттемелер</b>								
Мемлекеттік компаниялардың алынған несиелер	83	-	18	6232	39774	-	46107	36078
Банктердің және басқада қаржылық институттардың шоттары мен депозиттері	1489	657	63590	60831	68590	-	195157	157105
Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері	34,837	113669	457771	704943	258772	24	1881016	1672924
Айналымға шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	131	0	12471	18805	16549	-	47956	35555
Субординированды қарыздар	0	636	4098	60751	13525	2430	81440	59399
"Репо" мәмілесі бойынша кредиторлық қарыздар	10306	-	-	-	-	-	103306	102255
Басқа да қаржылық міндеттемелер	1,174	1,090	149	1	-	-	2414	2414
<i>Толықтай сомада орындалатын туынды қаржылық міндеттемелер</i>								
- Түсуі	(422)	(168)	(589)	(42819)	-	-	(43998)	(39540)
- Шығуы	-	-	-	54726	-	-	54726	54726
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	451598	115884	537508	863470	397210	2454	2368124	2080916
Несиелік сипаттағы шартты міндеттемелер	189635	-	-	-	-	-	189635	189635
Ескерту -[16] дерек көзі негізінде жасақталған								

Өтімділік - банктің сенімділігі мен қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын табысты жұмысының негізгі факторларының бірі, бұл ақыр аяғында банктің имиджін қалыптастырады: оның деңгейі неғұрлым жоғары болса, депозиторлар, клиенттермен инвесторлар банкке сенімді болады. Дегенмен, дағдарыс пен санкциялардан туындаған экономикалық шектеулердің кезінде, регуляторлар тарапынан реттеу талаптарын қатаюымен байланысты банк өтімділігін бағалау күрделілігі жоғарылай түседі және қазақстандық банктер қызметтерінің бастапқы жағдайларымен байланысты: тәуекелсіз, бірақ кіріссіз саясат жүргізу немесе тәуекелдерге бара отырып пайда табу. Егер банк қызметтерін тәуекелдердің орташа деңгейін ескере отырып жүзеге асырса, банктің қызметін оңтайландыру шын мәнінде тиімді болады.

### 2.3 «Цесна Банк» АҚ несиелік тәуекелді бағалау

Коммерциялық банктің несиелік саясаты банктердегі несиелік операцияларды жүргізу бойынша негізгі құжат болып табылады.

Аталған құжат өз клиенттерін несиелендіру бағытындағы банк дамуын анықтайтын факторлар, құжаттар және әрекеттер жиынтығы.

Ресейлік ғалым И. В. Пещанскойдың ойынша «несиелік саясаты – бұл мақсаты несиелік операциялардың кірісін арттырып және несиелік тәуекелін төмендету мақсатындағы банктің іс-шаралар жиынтығы» [18, б.112].

Лаврушин О. И. редакциялауымен жазылған «Банк ісі негіздері» оқу құралы авторлары несиелік саясаты коммерциялық банктің даму стратегиясын анықтайды, себебі онда нарықтың нақты сегменті – банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін несиелік қызметтердегі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары нақты көрсетілген [19, б.204].

Абишев А. А. және Святков С. А. редакциялауымен жазылған «Банк ісі. Банкирдің үстел кітапшасы» оқу құралындағы отандық ғалымдар банктің несиелік саясаты тәуекелдерді бақылау және мүмкін болатын кіріс деңгейіндегі минималды тәуекел қабылдау принципі бойынша несиелік ресурстарын тиімді орналастыру мақсатында жасалады деп есептейді [20, б.72].

Профессор Тавасиев А. М. Редакциялауымен жазылған «Банк ісі» оқулығының авторлары несиелік берер алдында банк өзінің несиелік саясатын қалыптастыруы қажет және оны шынайы тәжірибеде іске асырудың әдістері мен құралдарын қарастыруы қажет деп есептейді [21, б. 72].

Біздің ойымызша несиелік саясаты шешім қабылдау процесін жылдамдатуға, жеңілдетуге, ал шешімдердің негізделген, өлшенген және дұрыс болуына мүмкіндік береді. Осылайша, несиелік саясаты – банктік ұйымдардың несиелік қызметін байланыстырушы және бағыттаушы жүйелік концепция.

«Цесна банк» АҚ - мен 2016-2017 жж. клиенттеріне берілген несиелер

көлемі 6-кестеде берілген.

2017 жылы «Цесна банк» АҚ - мен клиенттеріне берілген несиелердің құрамында басты үлесті корпоративтік клиенттерге берілген несиелер құрайды (89,1 %), бөлшек бизнес клиенттеріне берілген несиелер 203725 млн.теңгені құрап жалпы сомадағы үлес салмағы 10,9 % болды, бұл клиенттерге берілген несиелердің өткен жылмен салыстырғанда 1,1% -ке азайғандығын көріп тұрмыз.

6-кесте- «Цесна банк» АҚ - мен 2017-2018 жж. клиенттеріне берілген несиелері

Көрсеткіштер	01.01.18		01.01.17	
	млн. теңге	үлесі,%	млн. тенге	үлесі,%
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер				23,8
Ірі кәсіпорындарға берілген несиелер	310698	16,7	402992	
Орта және кіші кәсіпорындарға берілген несиелер	1348403	72,4	1085582	64,2
<b>Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер, барлығы</b>	<b>1659101</b>	<b>89,1</b>	<b>1488574</b>	<b>88,0</b>
<b>Бөлшек клиенттерге берілген несиелер</b>				
Автокөлік сатып алуға	150394	8,1	136593	8,1
Несиелер - ипотекалық	34942	1,8	40689	2,4
Несиелер - тұтынушылық	14593	0,7	20435	1,2
Экспресс-несиелер	3178	0,2	4444	0,3
Кредиттік карточкалар	618	0,1	685	0,04
<b>Бөлшек клиенттерге берілген несиелер, барлығы</b>	<b>203725</b>	<b>10,9</b>	<b>202846</b>	<b>12,0</b>
<b>Құнсыздануға құрылатын резервтерге дейін клиенттерге берілген несиелер</b>	<b>1862826</b>	<b>100,0</b>	<b>1691420</b>	<b>100,0</b>
Құнсыздануға құрылған резервтер	(143898)	-	(101910)	-
<b>Құнсыздануға құрылған резервтер алынып тасталынғандағы клиенттерге берілген несиелер</b>	<b>1718928</b>	<b>-</b>	<b>1589510</b>	<b>-</b>
Ескерту - [16] дерек көзі негізінде жасақталған				

Құнсыздануға құрылған резервтер жұмыс істемейтін несиелер бойынша жоғалтуларды жабуға құрылады. Банктің жұмыс істемейтін несиелеріне 90 күннен астам өтеу мерзімі өткен берешектерді жатқызамыз.


2017 жылы АҚ «Цесна банк» экономиканың әртүрлі салаларын несиелеуді жалғастырып келді, атап айтқанда: отын - энергетика, құрылыс заттарын шығару өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникации, сонымен қатар тамақ өнеркәсібімен сауда салалары.

Банктің несиелік портфелінде үлкен үлес салмақты отын - энергетика, сауда, ауыл шаруашылықтарына берілген несиелер алады, олардың жалпы несиелік портфелдегі үлес салмағы 61,4 % - ті құрайды.

АҚ «Цесна банк» экономика салалары бойынша берілген несиелері 16 – кестеде көрсетілген.

Банктің несиелік портфелінде үлкен үлес салмақты ауыл

шаруашылықтарына берілген несиелер 64,7% алады, қалғандарының үлес салмақтары келесідей: сауда - 11,2%, құрылыс 5,8%, байланыс – 3,6%, коммуникация – 3,3%, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 2,6%, жеке тұлғаларды несиелендіру – 2,4%, отын – энергетикалық өнеркәсібі -1,8%, тамақ өнеркәсібі – 1,5%, басқаларының жалпы несиелік портфельдегі үлес салмағы 3,1% - ті құрайды.



15-сурет - 2018 жылдың 1 – қаңтарындағы АҚ «Цесна банк» бойынша экономика салаларына берілген несиелер  
Ескерту – [16] дерек көзі негізінде жасақталған

2017 жыл бойынша клиенттерге берілген несиелер бойынша резервтеу көлемі өткен 2016 жылғы көрсеткішке қарағанда 7,6 % - тен 8,2 % - ке жоғарылады, бұның өзі қаржылық дағдарыс жағдайындағы несиеленушілердің қаржылық жағдайларының төмендегенін көрсетеді (сурет 17).

2017 жыл бойынша Банк бойынша 3 775 тұтыну несиелері 5,1 млрд.теңге көлемінде берілді, соның ішінде берілген 1 578 ипотекалық несиелер көлемі 3.3 млрд.теңгені құрады және 2 197 тұтыну несиелері 1,8 млрд. теңгеге берілген.

«Цесна банк» АҚ құнсызданған несиелер бойынша болашақ ақшалай қаражат ағындарын талдау және құнсызданбаған несиеленушілер бойынша келтірілген нақты шығындардың тәжірибесіне сүйене отырып, корпоративтік клиенттерге қарыздар бойынша несиелердің құнсыздану резервін бағалайды.

Корпоративтік клиенттерге берілген заемдар бойынша несиеленушінің құнсыздануына резервті анықтау кезінде банк мынадай жорамалдарды жасайды:

- келтірілген шығындардың өткен тәжірибесі негізінде тоқсан сайын жоғалған шығын 3 айға тең құнсыздану белгілерін анықтау кезеңімен 0,40%



құрайды;

- 150 млн. теңгеден аз мөлшерде шағын және орта кәсіпорындарға берілген заемдар шығындарының деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 12 айдағы нақты шығындардың негізінде айқындалуы мүмкін;

- кепілге салынған есепті күнгі қолда бар мүліктің соңғы бағалау құнының төмендеуі, сату жағдайында 10% - 20%;

- кепілді қамтамасыз етуді сатудан түскен түсім 24 айды құрайды (орта есеппен).



16-сурет - 2015-2017 жж. АҚ «Цесна банк» резервтеу көлемі  
*Ескерту – [16] дерек көзі негізінде жасақталған*

Жеке клиенттерге несиелер. Цесна Банкі несиелердің осы түрлері бойынша бөлшек сауда клиенттеріне берілген несиелер бойынша несиелік құнсыздануға арналған резервті бағалайды. Бөлшек клиенттерге берілген несиелер бойынша несиелердің құнсыздануына арналған резервті анықтау кезінде басшылық пайдаланған елеулі жорамалдарға мыналар жатады:

- шығындар деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 12 айдағы келтірілген нақты шығындардың үлгісі негізінде анықталуы мүмкін;

- сатылған жағдайда кепілге салынған мүліктің жыл сайынғы бағасының төмендеуі 10% - 30%;

- Сатудан түсетін пайданың кешіктіріліп берілу мерзімі 6-24 айды құрайды.

Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер құнсыздану деңгейі жеке бағаланады. Корпоративті клиенттің және кіші және орта бизнес клиенттерінің жалпы несиелік қабілеттілігі, әдетте, оған берілген несиелер сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Несиелік тәуекелді басқарудың үрдісінде қарастырылған кезеңдері несиелік тәуекелді жекелеген қарыз алушылар деңгейінде, сондай-ақ жалпы несиелік қоржын деңгейінде басқаруда да қолданылады.

Ең бірінші қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару үрдісінің кезеңдеріне тоқалайық. Бірінші кезең - идентификациялау кезеңі. Несиелік тәуекелді идентификациялау бұл несиелік тәуекелдің пайда болу аумағын

айқындауды білдіреді.

Несиелік тәуекелді идентификациялаудың мақсаты қарыз алушының келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындамау себептерін анықтау. Оған ішкі және сыртқы факторлар себеп болуы мүмкін. Ішкі факторлар яғни бұл банктің несиелеу үдерісін ұйымдастырумен байланысты, ал сыртқы факторлар бұл қарыз алушының төлем қабілетсіздігіне немесе оның банк алдындағы міндеттемесін орындауға ынтасыздық танытуынан, сондай-ақ несиені қамтамасыз ету мүлкіне байланысты туындауы мүмкін.

Несиелік шектеу бұл біріншіден несие берушінің қарыз алушыға беретін несиесі бойынша несиелік қатынастың шекті деңгейі; екіншіден қарыз алушының өз айналымында несиелік қаражаттарды пайдаланудың ең жоғарғы шегін білдіреді. Несиелік шектеу ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Сыртқы лимит, ҚР Қаржылық қадағалау агенттігінің пруденциалдық нормативтер қатарында, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері ретінде белгіленеді. Ол норматив бойынша тәуекелдің (несие мөлшерінің) банк капиталына қатынасы арқылы есептеледі және оның мәні екі жағдайда белгіленеді: 1) 0,1 нан аспайтын мөлшерде, яғни ол банкпен тығыз қарым-қатынастағылар үшін (инсайдерлер); 2) 0,25-тен аспайтын мөлшерде, яғни барлық қалған қарыз алушылар үшін (соның ішінде бланктік несиелер үшін – 0,1).

Ішкі шек банктің несиелік қызметке жетекшілік ететін несиелік нұсқаулықтары мен әдістемелік құжаттарында белгіленеді.

Жалпы «Цесна банк» АҚ тәжірибесінде қарыз алушының несиелік тәуекелін бағалау әдістері төмендегі 17-суретте берілген.



17-сурет - «Цесна банк» АҚ - ында қарыз алушының несиелік тәуекелін бағалау әдістері

*Ескерту – [22] дерек көзі негізінде жасақталған*

Несиелік тәуекелді төмендетудің негізгі тәсілдерінің біріне клиенттің банк алдындағы міндеттемесінің қамтамасыз етілуі жатады. Ал, бүгінгі несиенің қамтамасыз етілуі ретінде кепіл, кепіл-хат, кепілдеме міндеттемелері қолданылуда. Енді осы несиенің қамтамасыз етілу тәсілдеріне тоқталайық.

Кепілге берілетін несие – бұл қарыз алушының активтерімен қамтамасыз етілген несие. Кепілге берілетін активтер қарыз алушының иелігінде қалып, оның пайдалануында болады. Кепіл затына: заттар, бағалы қағаздар, басқа да мүліктер және мүліктік құқықтар жатады.

Несиелік тәуекелді басқарудың келесі бір әдісіне несиелерді сақтандыру жатады.

Несие беруге байланысты «Цесна банк» АҚ тәуекелді сақтандырудың үш түрі қолданылады:

- қарыз алушының берілген несиеге кепілге қойған мүлкін сақтандыру;
- қарыз алушының еңбекке қабілеттілігін сақтандыру;
- қарыз алушының өмірін сақтандыру.

Сақтандырудың ерекшелігі қарыз алушының мүддесін қорғай отырып, бір мезетте банкіге берілген несиенің қайтарылуына кепілдік беріледі.

Берілген несиеге қарыз алушы кепілдікке қойған мүлікті сақтандыру объектісіне құрал-жабдықтар, станоктар, көлік құралдары, шикізат және материалдар, дайын өнімдер және тағы басқалары жатады.

«Цесна банк» АҚ сақтандыру өтемін алу құқығы біріншіден несие толық немесе ішінара қайтарылмағанда, екіншіден сақтандыру шарты күшінде тұрғанда кепілге қойылған мүлік жойылу нәтижесінде сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда күшіне енеді. Егер қарыз алушы сақтандыру оқиғасы бола тұра несиені өтеп шықса, онда сақтандыру өтемі «Цесна банк» АҚ емес, мүлік иесіне төленеді. Қарыз алушының еңбекке жарамдылығын сақтандыру сақтанушының денсаулығын жоғалтып, несиені қайтару мен пайызды төлеу міндеттемесін орындауға мүмкіндігін жоғалтуы мүмкін жағдайға жүргізіледі. Сақтандыру шарты несиені толық қайтарып беру мерзімі аяқталғанша жасалады. Сақтандыру оқиғасы туындаса, сақтандыру компаниясы банк қарызын өтеуді қамтамасыз етеді.

Қарызды синдинцирлеу қарыз алушының несиелік тәуекелін төмендетудің маңызды әдістерінің біріне жатады. Синдинцирленген несиелерді беру бұл несиелік тәуекелдің бірнеше банктер арасында бөлінуін білдіреді. Синдинцирлеу арқылы қарыз алушылар ірі сомада несие алуға қол жеткізеді және мұндай сомада несие беруге, яғни банк жалғыз өзі тәуекелге бармайды. Синдинцирлеудің бірнеше тәсілдері қолданылады, атап айтсақ, біріншісі, бұл бірнеше банктердің бірігіп қарыз алушыға несие беруі, екіншісі, үлкен сомада несие берген банктің несиенің бір бөлігін қайталама нарықта сатып алушыларға сатуы, үшіншісі бірінші мен екінші тәсілдің бірігуінен туындайды.

### **3 Екінші деңгейлі банктерде тәуекелдерді басқаруды жетілдіру жолдары**

#### **3.2 Банк тәуекелдерін бағалауды, басқаруды және төмендетуді жетілдіру**

1-ші вариант: Жоғары тәуекелді стратегия

Жүзеге асыру принципі: бұл вариант тәуекел үшін тәуекел аясындағы қаржылық авантюра мақсатында банк басшылығы мен иегерлерінің жалпы бағдары болып табылмайды. Бұл олардың саналы түрде жоғары рентабельді, сәйкесінше жоғары тәуекелді операциялар негізінде қаржылық және коммерциялық табысты тез қамтамасыз етуге дайындығын көрсетеді. Табыстылық пен тәуекелдің тікелей байланысы кез-келген бизнестің, соның ішінде банктің де тәжірибесіндегі айырылмас заңы болып табылады [23].

Мысалы:

– іскерліктің коммерциялық бағыты бойынша банк сұранысы өте қиын жаңа өнімдерді енгізуге бағытталған жоғары тәуекелді сұрыпталымдық саясатты іске асырады;

– іскерліктің техникалық бағыты бойынша банк аймақта клиенттерге қызмет көрсетудің жаңа технологиясын бірінші енгізіп, жоғары тәуекелге барады (алдыңғы пунктке ұқсас қатар);

– іскерліктің кадрлық бағыты бойынша банк өз міндеттеріне инновациялық көзқарас негізінде жағымды әсер тигізеді деген оймен тәжірибесі аз, бірақ шамшыл (амбициозный) қызметкерлерді басшылық орындарына орналастырады;

– өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты бойынша банк мемлекет тарапынан қатерлі санкцияларды елемей жоғары сапалы, бірақ заңсыз әдістерге үміт артады.

Стратегияның артықшылығы: жалпы табыстылықты және банктің нарықтағы жағдайын лезде жоғарылату.

Стратегияның кемшілігі: тәуекелдердің жағымсыз өрістеу нәтижесінде банктің коммерциялық және қаржылық мүдделеріне үздіксіз қауіп төнуі.

Ескерту: бұл стратегияны таңдеу екі алдын-ала талаппен шектеледі. Біріншісі, экономикалық кезеңдер – бәсеңдеу немесе төмендеу негізінде кез-келген шаруашылық субъектісіне кері әсер тигізбейтін макроортаның ағымдық жағдайына байланысты болады. Екінші талап банктің нақты жоғары ұйымдық-басқарушылық мәдениетінің болуына байланысты.

Стратегияны қолдану бойынша ұсыныс: өсу стратегиясын және агрессиялық бәсекелестік стратегиясын қолданып отырған банк іскерлігінің қысқа мерзімінде тәжірибелі іске асыруға болады.

2-ші вариант: Тәуекелдерді минималдау стратегиясы

Жүзеге асыру принципі: аталмыш вариант сенімді операцияларға басым бағыт артады және әлеуетті табыстылығына қарамастан жоғары тәуекелді

операцияларды толығымен жоққа шығарады [24]. Мұндай таңдау банктің оның иегерлері мен басшылығы қызмет көрсететін сегментті кеңейтуді көздемейтін немесе оны бәсекелестер қысымы астында қысқарту жағдайында қысқарту стратегиясын жүгізуімен сипатталады.

Мысалы:

– іскерліктің коммерциялық бағыты бойынша банк қызмет түрлерін кеңейту және қызмет көрсетілетін нарық ортасында кез-келген жаңашыл іс-шаралардан бас тартады, басты мақсат тұрақты клиентураны сақтау;

– іскерліктің қаржылық бағыты бойынша банк дилинг, сенімгерлік негізінде несиелендіру, бірінші сыныпты емес бағалы қағаздарға салым салу сияқты операциялардан толығымен бас тартады;

– іскерліктің техникалық бағыты бойынша банк бәсекелестерінде ұзақ мерзімді апробацияны өткен және тиімділігін көрсеткен инновацияларды ғана енгізеді;

– іскерліктің кадрлық бағыты бойынша банк консервативті саясатты қолданады, яғни жоғары сапалы жаңа қызметкерлерді жалдаудың орнына өз штатында адалдығын дәлелдеген қызметкерлерді қалдыру;

– өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты бойынша банк заңмен мақұлданбаған әдістерді толығымен шегере отырып, өз мүдделерін тек қана мемлекеттік құқық қорғау органдарымен қорғауға сенім артады.

Стратегияның артықшылығы: Банктің максималды сенімділігін қамтамасыз етеді.

Стратегияның кемшілігі: банк рентабельділігін минимумге дейін төмендетеді және оның бәсекелестілігін күшейтуге жағдай жасамайды.

Стратегияны қолдану бойынша ұсыныс:

– шетелде – аграрлы бизнес пен шағын кәсіпкерлік сферасында тарихи тұрақты клиентурасы бар шағын жеке банктер үшін қолданылады;

– отандық жағдайда – өз құрылтайшыларының басқа қажеттілігін қамтамасыз ету үшін құрылған және табыстылықты көздемейтін шағын банктер үшін ғана.

3-ші вариант: Тәуекелдерді диверсификациялау стратегиясы

Жүзеге асыру стратегиясы: операциялар мен әр түрлі деңгейдегі тәуекелді іс-шаралардың оңтайлы сәйкестігін қамтамасыз ету бағытын болжаған тәуекел-менеджменттің стратегиялық ымырасы (компромисс) болып табылады. Кез-келген ымыра сияқты стратегияның қарама-қарсы нәтижелерінің жағымдыларын төмендетіп, жағымсыздарын жеңілдетеді. Шектеулі өсім стратегиясының логикалық нәтижесі болып табылады.

Стратегияның артықшылығы: банк табыстылығы мен сенімділігінің тиімді қатынасын қамтамасыз ету.

Стратегияның кемшілігі:

– көптеген тиімділігі жоғары іс-шаралар мен жоғары табысты қаржылық операциялардан саналы түрде бас тарту нәтижесінде рентабельділіктің төмендеуі және нарықтағы жағдайының нашарлау мүмкіндігі;

– операцияларды диверсификациялау барысында тиімді қатынасты тәжірибе түрінде анықтаудағы методикалық қиындық.

Стратегияны қолдану бойынша ұсыныс: көптеген қазіргі кездегі банктерге лайықты вариант.

Тәуекел-менеджмент стратегиясын жүзеге асырудың қолданбалы әдістері:

– Профилактикалық әдістер, сәйкес операцияны жүргізу үшін дайындық сатысында тәуекелді минималдайтын немесе жоюға мүмкіндік беретін профилактикалық әдістер;

Болған тәуекелдерден шығындарды өтеу бойынша әлеуетті әдісті таңдаудағы стратегиялық тәсілдемелер:

1-ші вариант: Сақтандыру өтемінің басымдығы

Жүзеге асыру принципі: бұл вариант бойынша меншіктік сипаттағы ықтимал шығындардан банктің негізгі қорғаныс түрі болып тәуекелдерді сақтандыру табылады.

Артықшылықтары:

– тұрақты серіктестер сипатындағы сақтандыру компаниялары тарапынан қомақты жеңілдіктер алу мүмкіндігі (шетел жағдайында);

– сақтандыру компанияларының қаржылық холдингтерді құру жолымен бұл бағыт бойынша шығындарды минималдау мүмкіндігі.

Кемшіліктері:

– қаражат тартудың ең оперативсіз көзі;


– сақтандыру қызметі үшін тұрақты шығындар төлеу міндеттілігі;

– отандық сақтандыру компанияларының банктің қаржылық тәуекелдерінің (пайыздық, валюталық және т.б.) ауқымды бөлігін сақтандырудан бас тартуы.

Қолдану бойынша ұсыныстар:

– көптеген шетел банктері үшін ең тиімді вариант;

– отандық банктер үшін сақтандыру ұйымдарының жоғарыда ескерілген жағдайлары бойынша тек қана шектеулі түрде ғана қолдану мүмкіндігі.



18-сурет – Несиелік ұйымның типіне байланысты дифференциалдану

Ескерту – автормен жасақталған

## 2-ші вариант: Меншіктік резервтердің басымдығы

Жүзеге асыру принципі: бұл вариант ықтимал тәуекелдің шығындарын өтеудің негізгі көзі қаржы менеджментінің жалпы методологиясымен құралатын банктің меншіктік резервтері болады деп ұсынады.

Артықшылығы: өзге ұйымдардан банктің шаруашылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Кемшілігі: сәйкес резервтер бойынша банк активтерінің шарасыз жойылуы.

Қолдану бойынша ұсыныстар – вариант тиімді:

көптеген отандық банктер үшін;

жоғары өтімді және біршама табысты активтер түрінде қаржылық резервтерді құрастыра алатын кез-келген банктер үшін.

Ескерту: шетел банктері әдетте бұл ішін алтынқор валютасын қолданады, ал отандық несиелік ұйымдар жоғары өтімді бағалы қағаздарға салымдарды артық көреді.

## 3-ші вариант: Банкаралық ссудалар басымдығы

Жүзеге асыру принципі: вариант пайда болған тәуекелдерден ауқымды шығындалу жағдайында ағымдағы өтімділікті қалпына келтуі үшін банк банкаралық ссудалар нарығында қарыз қаражатын тартады деп болжайды.

Артықшылығы: қаражат тартудың ең оперативті түрі.

Ескерту: қазіргі таңда бұл артықшылықты SWIFT жүйесіндегі банктер толығымен қолдана алады, бұл өз кезегінде бірнеше секундтар ішінде қажетті соманы алуға мүмкіндік береді.

Кемшілігі: қаражат тартудың ең қымбат түрі.

Қолдану бойынша ұсыныстар: тәуекелдерді минималдау стратегиясын жүргізуге бағытталған банктер үшін ең тиімді вариант.

Қазақстандағы банктің қызметтеріндегі тәуекелдерді төмендетудің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруда мынадай мақсаттар қарастырылады:

- талдау және тәуекелдерді анықтау;
- тәуекелдерді бағалау мен жіктеуге арналған құралдарды таңдау;
- тәуекелдерді ескерту, алдын алу, азайту немесе болдырмау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу және осы бағдарламаларды пайдалану жөніндегі бір ізді іс-қимылдар кешенін ұйымдастыру [25, б.139].

Стресс-тестілеулер бұл бірінші кезекте, сандық талдау, бәрінен бұрын, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің ықтимал ауытқуларын анықтауға және активтердің түрлі құрамдас бөліктері мен банктің капиталына олардың ықпал етуін бағалауға бағытталған. Сандық талдау әдістерінің көмегімен банк ұйымдары қамтылуы мүмкін ықтимал стресс сценарийлері анықталады.

Сандық талдау стресс-тестілеудің екі негізгі міндеттеріне басымдық жасайды:

- қаржы ұйымы капиталының мүмкін болатын ірі шығындарға өтемақы жасау қабілетін бағалау;

- тәуекелдер деңгейін азайту және капиталды сақтау үшін қаржы ұйымының алдын ала қабылдауы тиіс іс-қимылдар кешенін анықтау.

2004 жылғы тамызда, қаржы секторын бағалау бағдарламасы (FSAP) шеңберінде, ХВҚ және Әлемдік банк мамандары Қазақстанның банк жүйесіне стресс-тестілеу жүргізді. Тестілеу нәтижелері бойынша халықаралық сарапшылар сәйкес ұсынымдар берген болатын.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында келешекте ензілу жоспарланған негізгі шаралардың бірі қаржы ұйымдарын капиталдандыру деңгейіне қойылатын олар қабылдаған тәуекелдерге барабар талаптарды белгілеу болып табылады. Олар туындаған ерте кезеңдерде-ақ несиелеу ұйымдарында мүмкін болатын тәуекелдерді, сонымен қатар тұтастай алғанда, нарықтағы сияқты, компанияның өзінің ішіндегі де жағдайдың мүмкін болатын өзгерістерін есепке ала отырып кәсіпорынның дамуына болжам жасау қажеттілігін анықтау мақсатында корпоративтік басқару қаржы жүйесіндегі негізгі ролі жалпы барлық қаржы жүйесінің тұрақтылығы, соңында тәуелді болатын банктердің қаржылық тұрақтылығын тиянақты бағалауды болжайды.

Осыған байланысты, қаржы ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесіне талаптарды белгілеу барлық қаржы жүйесінің тұрақтылығын одан әрі жақсартуды қамтамасыз ететін негізгі шаралардың бірі болып саналады [26, б.97].

Зерттеу барысында банктер осалдығының айқын және мүмкін элементтері ретінде, келесілер белгіленді:

- экономиканың корпоративтік секторының және халықтың активтері мен міндеттемелерінің валюталарының сәйкес келмеуіне байланысты жанама тәуекелдердің жоғары деңгейі;

- халық кірістерінің жинақ ақшаның салыстырмалы төмен деңгейі аясында өсуінен басып оза отырып, жеке тұлғалардың борыштық ауыртпашылығының ұлғаюы;

- қарыз алушылардың кепіл затының жағдайы мен құнының бұрмаланып белгіленуі;

- жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың тұрақсыздығы, әсіресе төмендеу тенденциясында болуы;

- банктердің негізгі атап айтқанда құрылыстағы қарыз алушыларының төлем жасауға қабілеттілігінің тұтынушылық сұранысты қамтамасыз ететін, нақты және қаржы активтерінің бағаларын барынша түзетуге кедергі жасайтын факторлардан сақтануға жоғары тәуелділігі;

- неғұрлым жоғары тәуекелі бар елге банктік капиталды экспортауға байланысты несиелік және нарықтық тәуекелдердің ұлғаюы;

- банктердің өздерінің сыртқы міндеттемелерін қайта қаржыландыру үшін қаржы институттарына қажеттілік кезінде сақталатын сыртқы берешегінің жоғары деңгейі болып табылады.

Қазақстанның банктік ксаласында және корпоративті секторға қатысты, қаржы ұйымдарын шоғырландырылған негізде реттеу мен қадағалау жөніндегі халықаралық тәжірибе, ЕО стандарттары ескеріліп, ҚҚк тәжірибесін және рәсімдерін онтайландыру бойынша, қашықтықтан қадағалау



тетіктерін жетілдіру бойынша, сондай-ақ банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің халықаралық қадағалау стандарттарын әрі қарай енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Отандық бизнестің елден тыс жерлерге таралу үдерісінің байқалуын назарға алсақ, қаржы ұйымдарында олардың еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметін бағалауды ескере отырып, шоғырландырылған қадағалауды және тәуекел менеджментін жетілдіру өзекті болып саналады. Осыған байланысты шетелдік мемлекеттердің қадағалау органдарымен ынтымақтастықты және өзара әрекет жасауды одан әрі дамыту мен кеңейту бойынша шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда. «Корпоративтік басқару» ұйымының көп қырлылығы мен жинақтылығын ескеріп, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқарудың аспектілерін жақсарту бойынша, оның ішінде шоғырландырылған негізде жұмыс жүргізуді бұдан әрі қарай да жоспарлап, іске асыруда. Корпоративті басқарудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын тиімді корпоративті басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі – корпоративтік келіспеушіліктерді шешуді, сондай-ақ корпоративтік меншік пен активтерді тартып алуды болдырмауды реттеу болады.

### **3.2 Коммерциялық банктер қызметіндегі тәуекел – менеджментті ары қарай дамыту жолдары**

Банктік тәуекелдерді минималдату жолдары. Тәуекелдерді басқару жүйесі белгілі бір нақты шаралар арқылы жүзеге асырылады, ол стратегиялық басқару дейгейінде, біріккен салалар деңгейінде жүзеге асырылады. Тәуекелді төмендетуге бағытталған банктің қызметінің тәуекелдерді басқару бойынша келесі тәсілдерін қарастырайық. Оларға жататындар:

- мүмкін болатын шығындарды, банктің қызметінде, олардың клиенттерінде, контрагенттерінде, делдалдарында, бәсекелестерінде бар статистикалық және динамикалық шыншыл ақпараттарды болжамдық талдау тәсілі арқылы алдын-ала бағалау. Бұл мақсат үшін банк тәуекелдің деңгейін талдап, маркетинг жүйесінде оларды басқару шараларын шығаратын өнімдерді құруы керек.

- пайыздық ставкалардың серпіні, олар тәуекелдің деңгейі жоғарлаған сайын көтеріледі және керісінше, яғни құралдарға жеңіл айналатын ставкалар құралдарға айналымы шектелген ставкалардан төмен болады;

- пассивтік операциялар мен банкаралық нарықта жүргізілетін операциялардың ставкалары, клиенттермен жүргізілетін кредиттік және активтік операциялардың ставкаларынан төмен болады;


- қарыз алушы тұрақты болған сайын, пайыздық ставка да төмен болады;

- несиені кепіл ретінде қолайсыз жағдайлардың тууынан сақтандыру.

- хеджерлеу (несиені сақтандыру).

- үлкен тәуекелде қарыз алушының ұсынысын қайтару.
- несиенің шарттарын есептеу, кішігірім қарыздар мен жеке несиелендіру кезінде қолданылады.

Корпоративтік басқару төңірегіндегі тәуекелдерді басқару процессінің алгоритмі 19 –кестеде берілген,



19-сурет– Корпоративтік басқару төңірегіндегі тәуекелдерді басқару процессінің алгоритмі

Ескерту – автормен жасақталған

Директорлар кеңесі өз өкілеттілігі төңірегінде ішкібанктік бекітілген талаптарға сәйкес келесілерді жүзеге асырады:

– Банк бойынша қалыпты тәуекел деңгейін бекітумен қатар, оны қарастырып отыру кезеңдерін;

– Банкпен жүргізілген барлық банктік операциялар мен келісімдер бойынша орын алатын банктік тәуекелдерді шектеу саясатын бекітеді, сонымен бірге атқарушы органдармен осы саясатты сақтау үшін әзірленген ережелер мен процедураларға бақылау орнату;

– Ішкібанктік лимиттер көлемінің даму стратегиясының өзгерісіне сәйкестігін, банкпен ұсынылып отырған жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді және қаржылық қызметтердің жалпы нарықтық жағдайын кезең сайын қарастыру;

– Занды тұлғаны корпоративтік басқару сапасына керекті баға беру үшін қажетті банктік операциялар мен басқа да келісімдер тізімін бекіту.

Коммерциялық банкті корпоративтік басқару тұрғысынан тәуекелдерді басқару процесі келесі алгоритм түрінде белілуі мүмкін:

Аталған мәселелерде келесі сұрақтар маңызды болып саналады:

– Тәуекелдерді басқаруға жауапты мамандандырылған бөлімшелерді (арнайы қызметкер – тәуекел – менеджерді бөлу) құру қажеттілігі, сонымен бірге жиынтық негізде оларды бағалау, банктің тәуекел позицияларына үнемі мониторинг жүргізу мен банктік тәуекелдерді басқару сферасында туындаған проблемаларды шешуге ұсыныстарды әзірлеу;

– Ішкі бақылау қызметкерлері мен тәуекелдерді басқаруға жауапты мамандандырылған бөлімшелердің жұмысын координациялау. Бұл негізде тәуекелдерді басқару бойынша мамандандырылған бөлімше тәуекелдерді ағымдағы басқаруға жауап берсе, ішкі бақылау бөлімі – банктің стратегиялық перспективада тұрақты, жағымды нәтижелерге қол жеткізгендігі тұрғысынан тәуекелдерді басқаруға жауапты.

Қаржылық тәуекел – менеджментінің әлемдік тәжірибесіне сәйкес тәуекелдерді басқарудың негізгі функцияларының бірі болып тәуекелдер лимитін анықтау мен олар бойынша бекітілген лимиттерді ары қарай сақтауды қамтамасыз ету болып саналады.

Тәуекелдерді бағалау, басқару мен бағалауға арналған ішкібанктік талаптарды әзірлеу бес унифицирленген қағидиға негізделеді (унифицирленген деген сөз астарында банктік операциялардың ерекшеліктері мен көлеміне тәуелсіз кез – келген банк үшін қолданатын коммерциялық банктердегі тәуекелдерді басқару бойынша амалдар жиынтығы жатады).

1 қағида. Тәуекелдерді басқарудың соңғы мақсаты олардың көлемін минимизациялау мен олардан қашу емес, керісінше банктің активтерінің қалыпты өтімділік деңгейін сақтау мен банк қызметін мақсатты табыстылық деңгейде ұстау үшін банкке ресурстар қозғалысының тиімді саясатын жүргізуге көмектесетін тәуекелдерді сол деңгейде қабылдау болып табылады. Тәуекелдерді минимизациялауды келесі шеңбер түрінде көрсетуге болады:



22-сурет – Тәуекел шеңбері  
Ескерту – [27, б.49] әдебиет көзінен алынған

Демек, коммерциялық банктер тәуекелдерді басқару үшін активтердің өтімділігі мен талап етілетін табыстылық деңгейін сақтауды қамтамасыз ететін балансталған саясатты ұстануы қажет.

Екінші қағида. Банктерде жаңадан орындалып жатқан операциялардан туындайтын тәуекелдерді қабылдау олар бойынша бұрынғы бағалау амалдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Коммерциялық банктерде тәуекелдерді басқару әдістемелері банкпен қабылданып отырған тәуекелдерге үнемі бақылау мен тәуекел шектерін белгілеу, және бекітілген лимиттерді одан ары қарай сақтауды қамтамасыз етуі керек. Басқа сөзбен айтқанда, банкпен активті операциялар жүргізілген кезде тәуекелдерді басқару әдістемесінің екінші унифицирленген қағидасы келесілерді қамтамасыз етуі керек:

- Коммерциялық банкпен қабылданып отырған тәуекелді сандық негізде кез келген уақытта бағалай білу;

- Банкпен қабылданып отырған тәуекелдерге жүргізілген бағалаулар негізінде олардың ең соңғы шектерінің мәнін негізделген сипатта ұсыну, яғни ол - тәуекел шектері, олардың деңгейін көтеру не қосымша шығындарды, не қосымша пайданы қамтамасыз етуі мүмкін;

- Банк қызметінде болжанбаған зияндар немесе шығындар орын алса, оларға оперативті әсерлену. Егер қандай да бір оқиға банк қызметіне жағымсыз әсерін тигізіп, ол бұрын жүргізілген бағалаулардың дәл еместігі мен соңына дейін бағаланбағандығын көрсетсе, онда коммерциялық банк оның қызметін жүргізуде жаңа жағдайлардың пайда болуына байланысты

тәуекелдер шектерін түзетумен бірге (керек болған жағдайда зияндардың орнын толтыру үшін сыртқы көздерді тарту) әлі банкті жағымсыз оқиғаларға ұрындырмаған және толық бағаланбаған тәуекелдерге қайта бағалауларды жүргізуі керек;

– Тұрақты негізде тәуекелдердің бекітілген лимиттерін сақтау. Коммерциялық банктерде тәуекелдердің бекітілген шектерінің мәнін сақтау екі тәсіл арқылы жүргізілуі мүмкін:

1. Банк бөлімшелері бойынша лимиттерді бекіту. Аталған амалда сонымен қатар банктің филиалдарында жүргізілетін операциялар бойынша лимиттерді бекіту орын алуы мүмкін;

2. Активті және пассивті операцияларды жүргізуге немесе тәуекелдерді бағалауға жауаптыларды банктің орталығы арқылы тікелей бөлу жолымен.

Үшінші қағида. Банк қызметіне қатысты нормативтік – құқықтық құжаттардың талаптарына банктік тәуекелдерді басқаруға қабылданған әдістемелерді интеграциялау. Банктік заңдылықты талдау ҚР кез келген банкке міндетті болып табылатын келесі экономикалық сипаттағы талаптарды ұсынды:

– Несиелік ұйымның жарғылық капиталы мен меншікті қаражаттарына деген талаптар;

– Банктердің міндетті нормативтерді сақтауы;

– Несиелер мен басқа да активтер бойынша резервтік талаптар;

– Ашық валюталық позиция лимиттерін сақтау.

Төртінші қағида. Тәуекелдерді бағалау міндетті түрде сандық мағынада болуы керек, өйткені әртүрлі операциялардың тәуекелділік деңгейін салыстыру сандық негізде ғана жүзеге асырылады. Сонымен бірге қаржылық емес тәуекелдер де сандық негізде бағаланып есепке алынуы керек.

Бесінші қағида. Коммерциялық банкпен активті операциялар жүзеге асырылған кезде тәуекелдерді басқару ресурстарды бөлген сияқты жүйелік негізде іске асуы керек. Ол келесілерді қарастырады:

– Банктік ресурстарды бөлуде шешім қабылдауға жауапты банктің ақпараттық орталығының болуы (тәуекелдерді басқаруды орталықтандыру);

– Салымдардың кез – келген формаларына қолдануға болатын тәуекелдерді бағалаудың бірыңғай жүйесін құру;

– Ақша қаражаттарды әртүрлі бағыттарға салғандағы тәуекел деңгейін салыстыру мүмкіндігі (тәуекел көрсеткіштерінің сопоставимость).

Осы қағида сонымен бірге келесі мақсаттарды көздейді:

– Тәуекелдерді басқаруға қатысты жалпы саясаттар мен стратегияларды әзірлеу;

– Тәуекелді шектеу мен бақылауға қатысты процедуралар мен саясаттарды қабылдау, сонымен қатар тәуекелді бақылау мен бағалауға қажетті ресурстарды анықтау;

– Банктің активті операцияларының тәуекелдерін басқаруға жауапты

тұлғаларды анықтау;

- Тәуекелдерді басқару саясаттарын шоғырландырылған негізде қабылдау;

- Коммерциялық банк операцияларының масштабына сай келетін тәуекелдерді өлшеу жүйелерінің бар болуы;

- Банктің ішкі саясатымен бекітілген тәуекелдерді өз деңгейінде ұстайтын операциялар лимиттерінің орындалуын қадағалау;

- Стрессті нарықтық экономика жағдайында орын алуы мүмкін банктік шығындарды кезең сайын қарастырып отыру;

- Тәуекелдерді бақылау мен өлшеу және ол бойынша мониторинг пен есептілікті ұсыну үшін нақты ақпараттық жүйенің бар болуы. Есептілік өз уақытысында директорлар кеңесі мен жоғарғы басшылыққа және де керек деп табылса менеджерлерге ұсынылуы керек.

Банктік тәуекелдерді басқаруда жоғарыда аталған қағидаларды сақтау, директорлар кеңесіне келісімдерді жүзеге асыру үшін қабылданатын шешімдерге де әсерін тигізеді.

2017 жылы Цесна банк өтімділік тәуекелі басқару үрдісін жетілдіруге бағытталған мынадай шаралар жүзеге асырылды:

- өтімділік тәуекелін басқаруды реттейтін әдістемесі жетілдірілген және оны талдау мен бағалау үшін жақсартылған тәсілдері және құралдары жасақталды;

- өтімділік тәуекелін басқару аясындағы саясаты мен жүзеге асырылу жолдары анықталды және өтімділік тәуекелін стресс-тестілеу арқылы тексеру тәртібі жетілдірілді;

- күтпеген жағдайлар туындаған кезде қаржыландыру жоспары қайта қаралды және өтімділік тәуекелін басқару есептілігінде қарастыру жүйесі ұйымдастырылды;

- өтімділік тәуекелін талдауға арналған депозиттік құралдар мен индикаторлар, мысалы, депозиттік келісім-шарттың өтеу уақыттары бойынша және ақшалай қаражаттардың күтілетін ағымдарына негізделген GAP талдауы жүргізілді;

- ақшалай қаражаттардың болашақ ағымдарын болжау және қысқа мерзімді перспективада Цесна банк өтімділік тәуекелінің тұрақтылығын сипаттайтын индикаторды пайдалана отырып, өтімділікті жабу коэффициентін (LCR) пайдалану арқылы қалыпты және стресстік жағдайда қаржыландырудың мүмкін мүмкіндіктерін анықтау құралы әзірленді;

- топтың өтімділік тәуекелін бақылау бойынша ішкі шоғырландырылмаған және шоғырландырылған шектіктері өтімділік тәуекелінің жылдық мүмкін деңгейінде қаралып, бекітілді;

- өтімділік тәуекелімен байланысты проблемаларды ертерек ескертудің ішкі және нарықтық көрсеткіштері енгізілді;

- ішкі бақылау жүйесі процедуралары жетілдірілді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Іске асырылған дипломдық зерттеу мынадай қорытынды шығаруға мүмкіндік береді:

1. Макроэкономикалық көрсеткіштерді болжау қиын және тәуекелге толықтай жол бермеу мүмкін емес. Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты сол немесе басқа операцияны жүргізу кезінде тәуекелдің туындау ықтималдығын дұрыс бағалау және оны барынша төмендету. Тәуекелдерді басқару практикасының қалыптасуы әлі аяқталмағанын және көпшілікті қанағаттандыратын әдістеме әлі құрылмағанын атап өту қажет. Әрбір банктің өзіндік ерекшеліктері бар және олардың әрқайсысының нарықта өз орнын қызметкерлерінің мүмкіндіктеріне орай шамалайды, сондай-ақ банктердің байланыстары жылдар бойы пысықталған, негізгі операцияларының шеңбері де белгіленген. Сондықтан бір банкке тән тәуекелдерді басқарудың қолайлы моделі екінші банк үшін әркезде сәтті бола бермейді. Сол себептен осы еңбекте тәуекелдер теориясы мен тәуекелдерді басқару (тәуекел-менеджменті) теориясы зерттелді және банк қызметіндегі тәуекел-менеджменттің анықтамасы берілді.

2. Шетелдік және отандық ғалымдар тәуекелдерді басқарудың бірыңғай бірегей жүйесін әзірлеу үшін көптеген тәсілдеме жасауды ойластырды. Дипломдық жоба жазу барысында несиелік, пайыздық тәуекелді, өтімділік тәуекелді басқарудың ең белгілі әдістері зерттелді. Сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалап талдау жасалды. Осы зерттеулер негізінде біз тәуекелдерді басқару жүйесін әзірледік, аталмыш жүйе, біздің ойымызша, әрбір коммерциялық банкте жұмыс істеуге тиіс.

3. Тәуекелдерді басқару процесінде инновациялар жасап, оларды қолдану қаржы менеджментінің ең маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Тәуекел-менеджменті жүйесіндегі банктердің инновациялық қызметін төмендегідей сәйкестендіру керек:

- тәуекел-менеджменті стратегиясын қалыптастыру негізінде;
- қаржы нарықтарында бәсекелік орта өршіген және жағдай күрделенген жағдайда тәуекел-менеджментінің ең маңызды құралы, қаржы нарығында банктердің жұмысында қаржы инновациялары мен технологиялардың рөлін ескеру қажет.

4. Коммерциялық банктер тәуекел-менеджментті ұйымдастыру қажет екенін мойындады. Әрбір банк осы жүйенің мақсаты мен міндеттерін өзі дербес белгілейді. Тәуекел-менеджменттің функциясын жоғарылату әрі оны бірдейлендіру мақсатында, біз екінші деңгейдегі банктерде тәуекел-менеджментті ұйымдастыру сызбасы ұсынылды, сондай-ақ тәуекел-менеджері банк қызметінде сүйенуге тиіс принциптер де белгіленді.

5. Дипломдық жобада бүгінгі таңда банктер тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесін қалыптастыруда бетпе-бет келетін негізгі проблемалар анықталған. Тәуекелдерді басқару жүйесі осы проблеманың бірі болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Масленченков Ю. С.. Технология и организация работы банка: теория и практика.- М.: Дека, 2017.- 434 с.
2. Тагирбеков К.Р. Основы банковской деятельности. М.: Инфра М, 2015. – 292 с.
3. Челекбай Ә.Д., Н.А.Әлмерекөв Банк ісіндегі тәуекел-менеджмент: теориясы, әлемдік практика, Қазақстан тәжірибесі. Алматы: Экономика, 2007. – 208 б.
4. Лисак Б.И. Основные методы оценки и управления риском банковским риском// Банки Казахстана, 2013. – №11. – С.51-58
5. Абишев А.А. Финансово-экономический словарь. - Алматы: Экономика, 2006.- 704 с.
6. Правила НБ РК «О формировании системы управления рисками и внутреннего контроля для банков второго уровня» №29 от 26.02.2016 г.
7. Коробова Г.Г. Нестеренко Е.А. Банковские риски. Учебное пособие: Издательский центр Саратовской государственной экономической академии, 2017. - 471 с.
8. Жарковская Е.П. Банковское дело. М.: Омега – Л, 2013. – 452 с.
9. Батракова Л.Г. Экономический анализ деятельности коммерческого банка. М.: Университетская книга; Логос, 2016.- 368 с.
10. Роуз Питер С. Банковский менеджмент. Пер. с англ. 2-е изд. - М.: «Дело Лтд», 1999.- 768 с.
11. Мақыш С.Б. Банк ісі. Алматы: Жеті Жарғы. 2008. – 498 б
12. Банковское дело. Экспресс курс: учебное пособие / под редакцией профессора О.И.Лаврушина.- М.: Финансы и статистика, 2015. - 395 с.
13. Искаков У.М. Банк ісі. Алматы: Экономика, 2008.- 598 с.
14. Ермаков С. Л. Кредитные риски и вопросы их минимизации // Банковские технологии. - 2018.-№ 7. - с.27-31
15. Кудайбергенова Л.Ж. Проблемы управления процентным риском в БВУ РК // Банки Казахстана, 2013. -№12.-С.28-35
16. Официальный сайт АО «Цесна банк». <https://www.tsb.kz>
17. Марченко А. В., Дадыко С. И. Базельские соглашения: общая логика, влияние на управление рисками // Актуальные вопросы экономики и управления: материалы IV МНПК. М.: Буки-Веди, 2016. - С. 12-14
18. Пешанская И.В. Организация деятельности коммерческого банка. М.: ИНФРА-М, 2015.- 320 с.
19. Основы банковского дела: учебное пособие/под редакцией О.И.Лаврушина.-М.: КНОРУС, 2017.- 384 с.
20. Банковское дело. Настольная книга банкира: Учебное пособие/Под научной ред. А.А.Абишева, С.А.Святова.- Алматы: Экономика, 2007.- 382 с.
21. Тавасиев А.М.. Банковское дело. Управление и технологии. М.:



ЮНИТИ-ДАНА, 2016. — 671 с.

22. Кредитная политика АО «Цесна банк»
23. Божко Е.Н. Пути совершенствования управления банковскими рисками // [https://iupr.ru/domains\\_data/files/zurnal\\_22/Bozhko%20E.N](https://iupr.ru/domains_data/files/zurnal_22/Bozhko%20E.N)
24. Добриневская Е.А. совершенствование управления банковскими рисками// [https://iupr.ru/domains\\_data/files/zurnal\\_25/Dobrinevskaya](https://iupr.ru/domains_data/files/zurnal_25/Dobrinevskaya)
25. Нұртазинова А.С. Несиелік тәуекел-менеджментінің мазмұны мен құрылымы // Қазақстанда экономикалық ой-сананың дамуы: халық. ғыл.-тәжіриб. конф. матер. – Алматы: Экономика, 2016. – б.132-140
26. Аханов С.А. О конкурентоспособности финансового сектора Казахстана // Банки Казахстана, 2015. – №10. – С. 9.
27. Бохаев Д.Т. Несиелердің жіктелімі және несиелік тәуекелді бағалау // Банки Казахстана. 2014. – №8. – С. 48-54

## ҚОСЫМША А

### «Цесна банк» АҚ –ның 2016-2017 жж. қаржылық жағдай туралы есептілігі, млн.теңге

	2017 ж	2016 ж.
<b>Активтер</b>		
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	213793	185754
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	72859	56048
Қолда бар сатуға арналған инвестициялар	80132	6408
Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардағы шоттар мен несиелер мен қаражаттар	11427	16746
Клиенттерге ұсынылған несиелер	1718928	1589510
«Самұрық - Қазына» Ұлттық әл қуат» АҚ -ның облигациялары		
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	32272	24655
«Кері РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық қарыздар	44341	30
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	48065	44314
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	3725	4176
Қайта сақтандыру бойынша активтер және сақтандыру сый ақылары	671	2169
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	5950	3732
Ағымдағы салықтық активтер	281	3429
Қалдырылған салықтық активтер	360	485
Өзге де активтер	27233	19137
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>2260037</b>	<b>1956593</b>
<b>Міндеттемелер</b>		
Мемлекеттік компаниялардан алынған несиелер	36078	32365
Банктер және басқа да қаржылық ұйымдардың шоттары мен депозиттері	157105	213958
Банк клиенттерінің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1672924	1441771
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер	15186	16290
Айналымға шығарылған борыштық бағалы қағаздар	35555	44713
Субординанды қарыздар	59399	58725
«РЕПО» мәмілесі бойынша кредиторлық қарыздар	102255	-
Сақтандыру келісім шарты бойынша резервтер	3798	5864
Қалдырылған салықтық міндеттемелер	4425	8890
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	287	586
Өзге де міндеттемелер	7128	7915
<b>Барлық міндеттемелер</b>	<b>2094140</b>	<b>1831077</b>
<b>Капитал</b>		
Акционерлік капитал	88594	58998
Қосымша төленген капитал	234	44
Қолда бар сатуға арналған аржылық активтер бойынша қайта бағалау резервтері	(359)	(391)
Берілген міліметтерді валютаға аулары бойынша жинақталған резервтер	1244	-
Сақтандыру және жалпы банктік тәуекел бойынша резервтер	12241	11992
Динамикалық резервтер	16631	16631
Бөлінбеген пайда	47312	35404
Банк акционерлеріне тиесілі капитал, барлығы	165897	122678
Акционерлердің бақыланбайтын үлесі	-	2838
<b>Барлығы - банк капиталы</b>	<b>165897</b>	<b>125516</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал, барлығы</b>	<b>2260037</b>	<b>1956593</b>

**ҚОСЫМША Ә**

«Цесна банк» АҚ –ның 01.01.2018 ж. жинақ қаржылық жағдай туралы есептілігі бойынша контракттық сомалардың өтелу мерзіміне қарай орналасуы

Көрсеткіштер	Талап етілмелі және 1 айдан аз	1 -3 ай	3 -12 ай	1 -5 ай	5 жылдан жоғары	Өтілу мерзімінсіз	Мерзімі кешіктірілген	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Туында емес активтер	213793							213793
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары								
Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардағы шоттар мен несиелер мен депозиттер	7565	-	2823	-	-	1039	-	11427
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	4427	44422	6267	16,06	121	1316	-	72859
Қолда бар сатуға арналған қаржылық	2	-	3985	1023	987	74135	-	80132
Клиенттерге ұсынылған несиелер	101971	211008	375245	784767	188806	-	57131	1718928
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	-	2424	9146	8670	12032	-	-	32272
«Кері РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық қарыздар	44341	-	-	-	-	-	-	44341
Негізгі құралдар мен материалдық емес	-	-	-	-	-	48065	-	48065
Инвестициялық меншік	-	-	-	351	-	3,374	-	3725
Қайта сақтандыру бойынша активтер және сақтандыру сый ақылары	151	62	433	1	-	-	24	671
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер								
Ағымдағы салықтық активтер	-	-	281	-	-	-	-	281
Қалдырылған салықтық міндеттемелер	-	-	-	-	24	336	-	360

Ә – қосымшасының жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Басқа да активтер	1866	1614	6161	5747	47	10840	958	27233
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>374,116</b>	<b>259,530</b>	<b>410,291</b>	<b>816,865</b>	<b>202,017</b>	<b>139,105</b>	<b>58,113</b>	<b>2,260,037</b>
<b>Туында емес міндеттемелер</b>	83		18	5,696	30,281			36,078
Мемлекеттік компаниялардан алынған несиелер								
Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардағы шоттар мен несиелер мен депозиттер	1,482	650	60,822	51,463	42,688	-	-	157,105
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық активтер				15,186				15,186
Клиенттердің ағымдағы шоттары және м депозиттері	345,295	112,657	439,985	606,820	168,143	24	-	1,672,924
Айналымға шығарылған қарыздық бағалы қағаздары	123	-	10,687	12,806	11,939	-	-	35,555
Субординированды қарыздар	166	351	930	29,551	25,971	2,430	-	59,399
«Кері РЕПО» мәмілесі бойынша к кредиторлық қарыздар	102,255	-	-	-	-	-	-	102,255
Сактандыру келісім шарты бойынша резервтер	21	300	2,804	673	-	-	-	3,798
Қалдырылған салықтық міндеттемелер	-	-	4,421	-	4	-	-	4,425
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	265	-	22	-	-	-	-	287
Прочие обязательства	4,113	1,119	1,652	196	48	-	-	7,128
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>453,803</b>	<b>115,077</b>	<b>521,341</b>	<b>722,391</b>	<b>279,074</b>	<b>2,454</b>	<b>-</b>	<b>2,094,140</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>(79,687)</b>	<b>144,453</b>	<b>(111,050)</b>	<b>94,474</b>	<b>(77,057)</b>	<b>136,651</b>	<b>58,113</b>	<b>165,897</b>

**ҚОСЫМША Б**

**«Цесна банк» АҚ –ның 01.01.2018 ж. жинақ қаржылық жағдай туралы есептілігі бойынша контракттық сомалардың өтелу мерзіміне қарай орналасуы**

Көрсеткіштер	Талап етілмелі және 1 айдан аз	1 -3 ай	3 -12 ай	1 -5 ай	5 жылдан жоғары	Өтілу мерзімін-сіз	Мерзімі кешіктірілген	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>Туында емес активтер</b>								
Ақшалай қаражаттар және олардың	185754	-	-	-	-	-	-	185754
Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардағы шоттар мен несиелер мен	10966	-	5170	-	-	610	-	16746
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	6,692	8,388	19,267	19,773	1,918	10	-	56,048
Қолда бар сатуға арналған қаржылық активтер	-	58	-	5,568	-	782	-	6,408
Клиенттерге ұсынылған несиелер	113,320	118,776	527,675	589,044	183,122	-	57,573	1,589,510
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялар	2,115	92	3,534	18,914	-	-	-	24,655
«Кері РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық қарыздар	30	-	-	-	-	-	-	30
Негізгі құралдар мен материалдық емес	-	-	-	-	-	44,314	-	44,314
Инвестициялық меншік	-	-	-	295	-	3,881	-	4,176
Қайта сақтандыру бойынша активтер және сақтандыру сый ақылары	418	40	616	243	-	-	852	2,169
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	-	-	3,732	-	-	-	-	3,732
Ағымдағы салықтық активтер	2	-	3,427	-	-	-	-	3,429
Қалдырылған салықтық міндеттемелер	-	-	15	-	96	374	-	485

Б – ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Басқа да активтер	4,047	1,890	2,734	6,812	55	1,412	2,187	19,137
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>323,344</b>	<b>129,244</b>	<b>566,170</b>	<b>640,649</b>	<b>185,191</b>	<b>51,383</b>	<b>60,612</b>	<b>1,956,593</b>
<b>Туында емес міндеттемелер</b>								
Мемлекеттік компаниялардан алынған несиелер	476	638	2,048	20,872	8,331	-	-	32,365
Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдардағы шоттар мен несиелер мен депозиттер	49,546	35,731	37,216	51,734	39,731	-	-	213,958
Әділ құны арқылы пайда немесе шығын бойынша көрсетілетін қаржылық активтер								
Клиенттердің ағымдағы шоттары және м	278,449	35,818	458,878	502,578	166,036	12	-	1,441,771
Айналымға шығарылған қарыздық бағалы	123	-	10,365	22,418	11,807	-	-	44,713
Субординированды қарыздар	166	349	927	29,228	25,691	2,364	-	58,725
Сақтандыру келісім шарты бойынша	31	404	4,628	776	25	-	-	5,864
Қалдырылған салықтық міндеттемелер	-	-	8,890	-	-	-	-	8,890
Ағымдағы салықтық міндеттемелер	225	-	361	-	-	-	-	586
Прочие обязательства	4,733	570	2,056	504	52	-	-	7,915
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>333,749</b>	<b>73,510</b>	<b>525,369</b>	<b>644,400</b>	<b>251,673</b>	<b>2,376</b>	<b>-</b>	<b>1,831,077</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>(10,405)</b>	<b>55,734</b>	<b>40,801</b>	<b>(3,751)</b>	<b>(66,482)</b>	<b>49,007</b>	<b>60,612</b>	<b>125,516</b>